

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**ОРТА БІЛІМ ЖҮЙЕСІН ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА
КӨШІРУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ**

Әдістемелік ұсынымдама

Астана, 2018

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми кеңесінде талқыланып баспаға ұсынылды (2018 жылғы « 22 » қазан № 11 хаттама)

Орта білім жүйесін латын графикасына көшірудің ғылыми-әдістемелік негіздері бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 62 б.

Әдістемелік құралда орта білім жүйесін латын графикасына көшірудің ғылыми-әдістемелік негіздері бойынша әліпбиді қолданудың отандық тарихи және шетелдік тәжірибелері, ғылыми-әдістемелік негіздері, қазақ әліпбиі емлесін оқытудың ерекшеліктері, тілдік заңдылықтарды меңгертудің ерекшеліктері, сондай-ақ оларды еліміздің білім беру ұйымдарында енгізу бойынша педагогтерге ұсынымдар берілген.

Әдістемелік ұсынымдар басшыларға, жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне, білім бөлімдерінің және басқармаларының әдіскерлеріне, мамандарына арналған.

© Ы.Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2018.
©Национальная академия образования
им. И.Алтынсарина, 2018.

Кіріспе

Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшіру мәселесіне Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында, «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында Қазақстан халқының рухани дамуы туралы айтқан ой-пікірлері бастама болды.

Латын әліпбиіне көшу – жай әліпбиді ауыстыра салу емес, ол біз үшін өркениетті шешім. Бұл біздің ашық әлемнің бір бөлігі болуға талпынуымызды, алға жылжығымыз келетінін растайды және бұл осыған дейін Қазақстандағы білім жүйесін жетілдіру туралы идеялармен байланысты болып отыр. Латынға көшкенде ұтатын тұстарымыз төмендегідей: біріншіден, тіл тазалығы мәселесі. Тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтап қалуға мүмкіндік аламыз. Екіншіден, қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелер қысқарады. Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Төртіншіден, түбі бір түркі дүниесі, негізінен латынды қолданады. Біздер олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек [1].

Сан ғасырлық тарихы бар, өркениетті әлемге кеңінен тараған араб, латын, кирилл т.б. әліпбилер әрқашанда ондаған тілдің жазба түрде қызмет етуіне негіз болып, жалпы адамзат мәдениетінің дамуына, қоғамдық ілгерілеуіне ерекше ықпал етті. Белгілі бір тілдің дыбыстық құрылымына негізделген әліпби жүйесін екінші бір тілге механикалық тұрғыдан көшіре салу оң нәтиже бермейді: ондай графикалық жүйені игеру үшін мыңдаған адам, араб, латын, кирилл әліпбилері болсын, артық уақыт, артық күш-жігер жұмсайды. Сондықтан мәселе белгілі бір әліпбиді нақты бір тілдің дыбыстық жүйесіне лайықтап беруде болып отыр. Әсіресе, ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ басында ағартушылар, белгілі түркітанушы ғалымдар жазу-сызуды реформалау қажеттілігіне айрықша назар аударып, демократиялық бағытқа қарай бетбұрыс жасауды көздеді. Жазу-сызуды демократияландырудың негізгі мәні жазуды барынша халық тіліне жақындату еді. Жазу жүйесіндегі таңбалар ауызша тілдің дыбыстық жүйесіндегі бірліктерді бейнелеуге тиіс болды.

Қазіргі ғылым мен білімнің терминологиясы негізінен латын сөздері болып табылады; латын әліпбиін қолданып отырған тілдер саны жағынан өзге тілдерден басым; алыс шетелдердің университеттерінде қандай мамандық болмасын, латын тілі оқытылады; латын әліпбиі компьютерде қолдануға икемді.

Бұрында қазақ тілі ғылымында латын әліпбиін қолданды, оқулықтар мен көркем әдебиеттер латын әрпімен басылып шықты, ісқағаздарында да қолданылды. Мұндай жайттар да латын әліпбиіне көшуге деген жұртшылықтың ыңғайын танытады.

1 Орта білім жүйесін латын графикасына көшірудің ғылыми-әдістемелік негіздері

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың көреген саясатының астарында бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосыла алатын, жаһандық білім нәрімен сусындаған, ертеңгі ел тұтқасына ие болатын, білімді де, саналы ұрпақ тәрбиелеу жатыр. Осы ретте 2006 жылы Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек», – деген еді. Сондықтан да, қазақ жазуын латын графикасына негіздеп білім беру ел үшін маңызды игі іс. Ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі», - дегендей, талай тарихымыз да осы тілде жазылған.

Мемлекет басшысының 2017 жылғы 26 қазанда «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын қарпіне көшіру туралы» Жарлыққа қол қоюы – еліміздің өміріндегі елеулі оқиға ретінде тарихқа жазылды. Сонымен қатар Президент 2020 жылдан бастап 1-сынып оқушылары латын әліпбиімен оқитындығын атап өтті. Үкімет үйінде қазақ тілі әліпбиін латын қарпіне көшіру жөніндегі Ұлттық комиссияның алғашқы мәжілісі өтті. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің айтуынша, қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудің бірінші кезеңі 2018-2020 жылдарды, екінші кезеңі 2021-2023 жылдарды, үшінші кезеңі 2024-2025 жылдарды қамтиды. Осымен байланысты апробациялық кезең, ұстаздар корпусын дайындау барысы, нормативтік-құқықтық базаны жасау және жалпы жаңа әліпбиді қолданысқа енгізу үрдісі қолға алынады. Мәжілісте алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін төрт арнайы жұмыс тобын құру туралы шешім қабылданды. Оның біріншісі – қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіруде орфография мен орфоэпия ережелерін дайындайтын орфографиялық топ, екіншісі – латын әліпбиін үйрету және оқыту әдістемесін жасап, оны білім беру жүйесіне біртіндеп енгізетін әдістемелік топ, үшіншісі – латын қарпінің негізінде қазақ тілінің терминологиялық базасын жүйелейтін терминжасам тобы, төртіншісі – латын қарпін IT технология талаптарына сәйкес келтіру үшін сараптамалық-техникалық топ құрылды. Бұл топтың құрамына тіл білімі саласының кәсіби мамандары тартылып отыр. Латын әліпбиі – Ұлы дала елін әлемдік өркениетпен сабақтастыратын қарышты қадам, бұл – ұлттық руханиятты қайта жаңғыртуға бастайтын зор мүмкіндік. Үшінші жаңғыру кезеңін жаңа латын әліпбиімен бастасақ, бұл руханиятты жаңа ғасырға сәйкес жаңаша жаңғыртуға көмегін тигізеді, сонымен қатар латын әліпбиіне көшу

өркениетті елдердің мәдениеті мен біліміне кірігуге зор мүмкіндік береді. Қазақстанның білім беру жүйесіне үш сатылы бакалавриат, магистратура және докторантура енгізілді. Магистратура мен докторантураға түсу үшін талапкерлер міндетті түрде ағылшын тілінен емтихан тапсырады. PhD диссертация қорғау үшін ағылшын тіліндегі шетелдік ғылыми басылымдарда мақалалары жариялануы міндетті. Осыған байланысты ізденуші әлемдік баспасөздерде жарияланған ғылыми мақалалармен танысуына мүмкіндік туады.

Жеделдетіп үйрететін курстар ашу арқылы латын әліпбиінен дәріс беретін мұғалім кадрларды даярлау – күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2018 жылғы 19 ақпанда «Қазақ әліпбиін кириллицадан латын қарпіне көшіру туралы» ҚР Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» (№637) тағы бір Жарлыққа қол қойды. Онда алдыңғы Жарлықпен бекітілген латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиі қазіргі Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын деп атап көрсетіліп, латын қарпіне негізделген қазақ тілі әліпбиінің жаңа нұсқасы қоса берілген. Бұл кейінгі нұсқа бұрынғысына қарағанда едәуір жетілдіріліп, бүкіл халықтың қолдауына ие болып отыр.

Еліміздің экономикалық, рухани тұрғыдан қарқынды дамуына ықпал ететін факторлардың бірі – әлемдік әліпбидің негізін ұстану. Ғылым мен білім тілі ағылшын тілімен тікелей байланысты болғандықтан, орта білім жүйесін латын графикасына көшірудегі мақсат – жас ұрпақты әлемдік білім беру кеңістігіне қолжетімді қылу. Бүгінгі таңда орта білім жүйесін латын графикасына көшірудегі басты мақсаттардың бірі – ХХІ ғасырдағы қазақ жастарына озық технологияның барлық қыр-сырын білуге жол ашу, әлемдік ғылым мен білімді меңгеру арқылы бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел құру.

Латын графикасына көшу әлемдік ғылым мен мәдениетті игеруге мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда кеңінен қолданылып жүрген «жаһандық» деген сөздің мағынасына тоқталсақ, бұл – ағылшын тілінен алынған "global" - "дүниежүзілік" деп аударылады, орыс тілінде "глобализация" деп айтылып жүр. Қазақ тілінде: ғаламдану, жаһандасу, ғаламшарлану, әлемилену дегенді де естиміз. Ал енді ғаламдану – жаһандасу, ғаламшарлану дегеніміздің ұғымдық-мағыналық жағын айтсақ, аты айтып тұрғандай, ғаламдану қандай да болсын үдерістің, іс-әрекет барысының немесе мәдени-әлеуметтік феноменнің, құбылыстың бір ғана ұлт, халық, мәдениет, өркениет немесе құрлық шеңберімен шектелмей, бүкіл планеталық, жұмыр жерлік, бүкіл әлемдік деңгейде көрініс тауып, маңызға ие болуын танытатын ұғым. Сондықтан да жаһандық білім әлеміне тереңнен бойлау үшін қазақ тілін латын графикасына негіздеген дұрыс.

1.1 Қазақ әліпбиінің тарихы

Латын графикасы негізінде әліпби жүйесін алғаш түзген қазақтың дарынды дипломаты Нәзір Төреқұлов. Ол 1924 жылы Мәскеу қаласында

«Жаңа әліпби туралы» атты кітабында өзінің жобасын көрсетеді. Жобада 28 дыбысқа 28 әріп арнаған. Дауысты дыбыстардың жіңішке варианттарын автор дәйекше арқылы айыруға болатындығын атап өтеді. Мысалы, «on (он) – on' (өн)», «un (үн) – un' (үн)» т.б. Кірме сөздер арқылы енген «ф», «ч» дыбыстарына әріп арнайды. Мысалы, «fylosofya» (философия), «сепруон» (чемпион).

1924 жылдың басында Халел Досмұхамедұлы бір дәйекшеден құрылған жоба ұсынады. Ғалымның бұл жобасы «Ақ жол» газетінде жарияланған. Халел Досмұхамедұлы тілдегі дыбыстарды таңбалау үшін еуропа үлгісін негізге ала отырып, латын графикасынан өзгеріссіз 14 таңба алады. Олар: a, b, d, g, k, l, m, n, o, p, r, s, t, z. Осы жылы Мұхтар Мырзаұлы үйренуге жеңіл, қолдануға қолайлы болуы үшін қазақ тілі дыбыстарының жуан – жіңішке болып жұп құрауын негізгі критерийлердің бірі ретінде алу қажеттілігін айта отырып, латын әліпбиіне негізделген жоба ұсынады. 1927 жылы Ә.Байділдаұлы «Жаңа әліпби туралы» атты кітабында Мәскеу қаласындағы «латыншылдар» ұйымының ұсынған жобасын көрсетеді. Бұл жоба 27 әріп, бір дәйекшеден құрылған.

Мәскеу ұйымының тарапынан ұсынылған бұл жобада қазақ тілінің дауысты дыбыстары, олардың жіңішке варианттары дәйекше арқылы ажыратылды. Мысалы: ана – «ана»; ән – «'ан». Ұсынылған әліпби жобасында /ə/ таңбасы <ы> және <i> фонемаларын белгілеу үшін, мысалы «ыдыс» сөзі «ədəs, sabərmen baуqа» (сабырмен байқа) түрінде таңбаланды. Әліпбиде орыс тілінің «ч», «ф» әріптеріне таңба арналды.

1927 жылы «Тілші» газетінде Телжан Шонанұлының әліпби жобасы ұсынылады. Телжан Шонанұлы әріптердің бас түрін алмайды. Аталған әліпби жобасы 15-16 түркі тілдес халықтардың әліпбиімен салыстырыла түзілді деп баяндай отырып, ғалым әліпби түзудегі негізгі принциптерді көрсетеді: *«Жаңа әліппені алғанда қазақ тілінің үндестік заңы пайдаға асырылсын. Өйткені қазақ әліппесінің дауысты, дауыссыз дыбыстары, жуан, жіңішке болып екі түрлі айтылады. Әр дыбыстың жуан жіңішке түрлеріне дербес арнаулы әріп алынса, әліппедегі таңба 48 шамасы болады. Үндестік заңын қолдансақ әліппедегі әріптеріміз 24 қана болады. Жіңішке сөз алдына дәйекше қойылады да, ол болмаған сөз жуан оқылады. Жаңа әліпбе әріптерінің түрі де, аталуы да жер жүзіне ортақ түрде алынсын. Бір дыбысқа бір таңба алынсын»* [1].

1928 жылы Жоғарғы Орталық Комитеттің (ВЦКНТА) ұйымдастыруымен Баку қаласында бүкіл түркі тілдес халықтардың әліпби жобаларын сараптауға жиналады. Әр елден келген өкілдер өз елдерінде болып жатқан жағдайды баяндай отырып, әліпби жобаларымен таныстырады.

Конференцияға (Баку қаласына) Қазақстан атынан барған О.Жандосов 1928 жылға дейін қабылданған жобалардың авторларымен бірлесіп жасалған әліпби жүйесімен таныстырады (Жоба Ә.Байділдаұлы, Т.Шонанұлы, І.Қабылұлы, І.Жансүгірұлы, Ш.Тоқжігітұлдарының қатысуымен жасалған): а

/a/, в /б/, с /ш/, ç /ж/, d /д/, e /е/, g /г/, q /ғ/, h /х/, i /і/, k /к/, q /қ/, l /л/, m /м/, n /н/, ŋ /ң/, o /о/, ө /ө/, j /й/, p /п/, r /р/, s /с/, t /т/, u /ұ/, u /у/, y /и/, z /з/, ь /ы/.

Жобада дауыссыз «қ», «к»; «ғ», «г» дыбыстарына, дауысты дыбыстардың жіңішке варианттарына жеке-жеке таңба арналады, ал дауысты, жіңішке «ә» дыбысы арнайы таңба арқылы белгіленбейді. Сондықтан «ә» фонемасында арнайы жеке таңбамен белгілеу қазақ зиялы топ өкілдерінің арасында талқылатып, көпшілігі еуропа стандартына сай келетін «ä» таңбасын ұсынады. Бірақ бұл таңба бүкіл түркі халықтары үшін унификацияланған әліпби жүйесіне сәйкес келмейтіндіктен «ә» таңбасы алынады. Сонымен әліпби жүйелерін салыстыра келе, қазақ тілінің төл дыбыстарын бейнелейтін 29 таңба алынады.

Осыдан кейін ресми түрде барлық мерзімді басылым беттерінде қазақтың жаңа әліпби жүйесі жарияланады. Жалпы бұл әліпби ұлттық жазу негізінде құрылды. 1930 жылы қабылданған әліпбиде қазақ тілінің өзіне тән 9 дауысты мен 17 дауыссыз дыбысына 29 әріп арналды.

Қабылданған әліпбидің артықшылығы: «бір дыбыс – бір әріп» принципі қатаң сақталды; Түркі халықтары ұстанған принцип қатал ұстанды; Оқуға қолайлы, жазуға оңай, өте қарапайым; кірме әріптер жоқ; жол асты, жол үсті белгілері жоқ.

Қабылданған әліпбидің кемшілігі ретінде *ә, ө, ы, г* дыбыстарының белгілері латын стандартына сәйкес алынбаған. Сонымен латын әліпбиіне көшкеннен кейін басы шешілмеген бірнеше мәселе туады. Ол – бас әріп мәселесі, шылаулардың жазылуы, кейбір әріптердің жазылуы, сөздердің бірге және бөлек жазылуы тәрізді мәселелер. Бірақ ең басты мәселе орыс сөздерінің дұрыс орфографиялануы болды. Орыс тілінен енген сөздер бірнеше тұрпатта жазылды. Сондықтан 1938 жылы әліпби және емлеге бірнеше өзгерістер енгізіледі. Орыс тілінен енген сөздер түпнұсқалыққа негізделі бастайды. Осы жылдардан бастап қазақ әліпбиіне *в, ф, х* әріптері, кейіннен олардың саны екі есе өсіп кеткені белгілі.

1938 жылға дейін қолданылған әліпби жүйесіндегі бірнеше қиындықтарды шешу үшін Қазақ ССР-ның Орталық Атқару Комитеті мен халық комиссарлары Советінің және Орталық Атқару комитетінің председателі, орынбасары Н.Өмірзақов, Ы.Тәжібаевтың ұйғаруымен 1938 жылы 1 қаңтардан бастап «Қазақ әліппесі мен орфографиясын біраз өзгерту туралы» қаулысы жарыққа шығады. Бұл қаулыда қазақ тілінің емле кодексінә біраз өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

Қаулы мынадай тармақтардан тұрды: а) емленің негізгі принциптері; ә) әліппе және дыбыс жіктері; б) дауысты, дауыссыз дыбыстардың бір-бірімен алмасып естілгендегі жазылуы; в) қысаң езулік дауысты *ы, і*-лердің жазылуы; г) *и, у* әріптерінің жазылуы; д) орыс тілінде бар, қазақ тілінде жоқ дыбыстардың жазылуы; ж) сызықшамен жазылатын қос сөздердің түрлері; з) кейбір жалғаулықтардың жазылуы; л) бас әріптің емлесі. Осы ережеден кейін орыс тілінен енген сөздер фонетикалық принциппен емес, *түпнұсқалыққа жақындық* принципіне ауыстырылып жазыла басталды.

Осы жылдардан бастап (1938 – 1939 жж.) латын графикасына негізделген әліпбиді орыс графикасына ауыстыру мәселесі қызу талқыға түсе бастайды. 1939 жылы 10 тамызда алғашқы әліпби жоба жарияланады.

Сонымен латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі жобасын ұсынушылар немесе латын жазуына қайтуды қолдаушы ғалымдардың арқа сүйеп отырған бұлтартпас басты дәлелі мынандай әділ де ақиқат тезис болып табылады. Кирилл жазуына негізделген әліпби қазақ тілінің дыбыстық жүйесін барабар жағдайда көрсете алмайды және оның орфографиясын күрделендіре түседі.

1.2 Латын графикасына көшудегі халықаралық тәжірибелер мен зерттеулер

Латын әліпбиі әлемде кеңінен қолданылатындығы да белгілі. Латын әліпбиі б.з.б. VII ғасырда Римде грек және этрус әліпбиінің тармағы ретінде пайда болып, б.з. I ғасырында қалыптасқан. Орта ғасырда латын әліпбиі Еуропаға таралып, Африка, Америка және Азия халықтары пайдаланды.

Қазақстандағы латын графикасына негізделген қазақ жазуының тарихы 1929-1939 жж. аралығында ұзақ болмады. Қазақ жазуының дамуы мен кітаппен қамтамасыз ету де белгілі бір кезеңде болды. Сол кезеңдегі кітаптардың үлгісі мен мазмұны қазақ халқының мәдениетінің ұлттық қорына енді. Бұдан кейін кирилл жазуына көшу (кириллизация) жүзеге асырылды. Орыс тіліне негізделген 42 әріптен тұратын жаңа әліпбидің жобасы қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сай төл дыбыстарына сәйкес нұсқасы 1940 жылы ұсынылды. Тәуелсіздік алғаннан кейін бұрынғы КСРО елдерінің алдында латын графикасына көшуге қатысты мәселе туындады. Мәселен, Молдавияда латын графикасына көшу туралы шешімді 1989 жылы яғни КСРО құрамында болған кезеңнің өзінде қабылданды. Ал Әзірбайжан, Өзбекстан, Түркіменстан секілді елдер тәуелсіздік алған алғашқы жылдары латынға көше бастады. Қазақстанның да латын графикасына көшуге осы елдердің тәжірибесі сөзсіз маңызды. Түрік Республикасының қалыптасқан кезеңінен бастап М.К.Ататүріктің негізгі ұстанымы түрік қоғамы мен мемлекетін Шығыс өркениетіне жақындату жолдарын жүзеге асыру болды. Осман империясы ислам мемлекеті болғандықтан алфавиті – араб әліпбиі болды. Осман тілінің жазба тілінде араб және парсы сөздері көптеп кездескен. Осыған байланысты қарапайым халық Осман империясының негізгі жазба тілін түсінбейтіндігін айтуға болады. Сондай-ақ араб әліпбиінде түрік тілінің кейбір әріптерін алмастыратын әріптер болмаған. Нақтырақ айтсақ, араб тілінде 3 дауысты дыбыс қана болған. Осман империясының ұлттық идеясының нығаюына байланысты түрік тілі және оның болашағы жайында келіспеушіліктер туындады. Латын графикасына көшер кезеңде Кеңес Үкіметінің түркі тілдес елдеріне Түкиядағы жазба тілдің реформасы әсер етті.

Қазақтың латын әліпбиін түркі мәтіндерінде алғаш қолданған кез қашан? Бұл сұрақтың жауабын ешкім дөп басып айта алмас. Бұның барлығы

ғұндардың Батыс Еуропаға, нақтырақ айтқанда Италияға кіруімен байланысты болуы мүмкін. Бірақ көне түркі латынының артефакті 1303 жылы Ватиканда жарияланған қыпшақ тіліндегі Codex Cumanicus (Кодекс Куманикус) сөздігі. Аталған еңбек Жошы Ұлысындағы далалық империяның батыс бөлігінде орналасқан, сондай-ақ шығысқа жайылу мүмкін католицизм негізінде сауда және саяси байланыс орнату мақсатында түркі тілінің негізінде жазылған.

Ресейде патша өкіметі тұсынан бастап латын алфавиті жайында талқылаулар бола бастаған. Орыс жазуында латын графикасын жақтаушылардың қатарында ұлт көшбасшылары Луначарскийден бастап Лениннің өзі де болғандығы ескерілетін жайт.

Түркі елдерінің ішінде Түрік мемлекетіне тоқталар болсақ, түріктер араб әліпбиін ұзақ уақыт қолданып келгені белгілі. 1928 жылы Түркияның тұңғыш Президенті, ұлт көсемі Мұстафа Кемал Ататүрік мамандардан латын әліпбиіне көшу үшін қанша уақыт қажет екенін сұраған. Тіл мамандары 5-10 жылды меңзеген. Әйтсе де Ататүрік жарты жыл уақыт беріп, латын әліпбиін енгізуді қолға алған. Түркияның жаңа әліпби жүйесіне толық өтуіне 30 жылдай уақыт кетті. Қазір түркі елдері арасында латын әліпбиі жолға қойылған бірден-бір ел.

1989 жылдың тамызында Молдова елінің басшылығы өз тілдерін кирилл алфавитінен латын әліпбиі үлгісіндегі румын жазуына алмастырды. Әйтсе де елдің кей аумағында кирилл үлгісіндегі молдован тілі әлі күнге дейін қолданылады.

Әзірбайжан тілінде үш түрлі әліпби бар. Оның бірі – Ирандағы қандастары араб үлгісінде қолданса, енді бірін – Дағыстанда кириллицамен жазып жүр, ал ел ішінде латын әліпбиі қолданылады. 1992 жылдан бастап латынға көше бастаған Әзірбайжан елінде бұл процесс 9 жылда толығымен аяқталған. 2001 жылдан бастап заң бойынша мерзімді басылымдар, газет-журналдар, мемлекеттік және жекеменшік мекемелердегі ісқағаздар тек латын әліпбиінде жазыла бастаған.

1993 жылдың 2 қыркүйегінде Өзбекстан елі латын әліпбиіне өту жайында шешім қабылдады. Алайда, олар бірден латын әліпбиіне көшіп кете алған жоқ. Олар да латын графикасына кезең-кезеңмен көшуде. Бүгінде мектеп бағдарламасы, оқулықтар мен кітаптар латын графикасында жазылып жатыр. Көше атаулары, метро мен көлік бағыттары латынша жазылса, бірақ кино мен баспасөздерде өзбек тілді латын әліпбиімен қатар кириллица да қолданылып жүр.

Түркімен елінде бірнеше жылдар бойы араб әліпбиі қолданып келген. Әлі күнге дейін Ауғанстан, Иран мен Ирактағы түрікмендер араб әліпбиі үлгісімен жазып жүр. Түрікменстанда латын әліпбиіне қатысты заң өткен ғасырдың 90 жылдарының орта шенінде қабылданды. Бір айта кетерлігі, латын нұсқасындағы жаңа әліпби 1930 жылдары қолданылған үлгісінен өзгеше болды. Мамандардың пікірінше, бұл елде латынға көшу үрдісі жылдам әрі қатаң түрде өтті.

90 жылдары моңғолдар да көне жазуына оралғысы келген. Қарсы шыққандар көбейіп, қолдау болмаған соң, кириллицаны қайта пайдаланды. Бірақ 2025 жылға қарай көне моңғол жазуын қайта енгізуді көздеп отыр. Бұл тұста оларда да кедергілер кездесуде. Кейбіреулер ширек ғасыр мектепте оқытылып келе жатқан жазуды меңгеру қиынға соқпайды десе, біреулері оқушылар үшін қиын дейді. Ал енді біреулері тіпті жобаның белгіленген уақытта іске асатынына күмән келтіреді.

Латынға бізден бұрын көшкен түркітілдес мемлекеттер мен ЕО елдерінің тәжірибесі мұқият сарапталды. Кемшіліктері ескеріліп, артықшылықтары тізілді.

Әзірбайжандар шешімді ең алғашқы болып 1991 жылы қабылдаса да, шынайы бұл іске кейінірек кірісті. Өйткені он жылдан соң да мәселе ойдағыдай болмады. Бүгінгі күні Әзербайжанда 9 тамыз – Туған тіл мен ұлттық жазу күні болып саналады.

Бұрынғы кирилл жазуында әзербайжан тілінде төл [қ], [ң] және [ә] дыбыстары түсіп қалған еді. Жаңа латында олар осы олқылықтың орнын толтырды. Бұрын олар қате *гармаиш, гарындаиш* деп айтса, енді олар дұрыс: *қардаиш [qardaş], қарындаиш [qarındaş]* дейтін болды.

Түркіменстанға келсек, түркімендер 1993 жылы Түркия Президенті ресми сапармен еліне келген тұста асығыста шешім қабылдап, әліпбиін дайындықсыз ауыстыра салған.

Нәтижесінде олар бұрынғы орыс әліпбиін айнытпай қайталау ісімен ғана шектеле салды.

Осылайша, тілінде мазмұнды қызмет атқаратын [қ] және [з] дыбыстары таңбаланбай қалады. Аталмыш төл дыбыстарды жеке-жеке көрсетілетін әріптері жиырмасыншы жылдардағы түркімен латыншасында да, одан бұрынғы араб нұсқасында да болған еді.

Түркияда да Кемал Ататүрік кезінде елін айналдырған жеті-сегіз айда жаңа әліпбиге аударған. Өкініштісі, маңызды төл [қ], [ң] және [ә] дыбыстары таңбаланбай қалды.

Қазір түрік тілінің тұтынушылары *гүзәл [güzäl], қойун [qouun], қатун [qatun]* орнына – *гүзел [güzel], қойун [kooun], қатун [katun]* дейтін болды. Яғни төл [қ], [ң] және [ә] дыбыстары айналымнан шеттетілді.

Осының салдарынан, жалпытүрік [а], [ы], [ү], [о] дыбыстардың жанында тек қана [қ, q] болу мүмкін деген және [к, k] дыбысының жанында жалғыз [ә], [і], [ү], [ө] болады деген үндесім қағидалық заңдылығы өрескел бұзылды.

Ең көп қиындыққа тап болған ел – **Өзбекстан**. 1993 жылғы 2 қыркүйекте жарияланған алғашқы Жарлықта латынға көшу үрдісі бюджеттен тысқары көздерден қаржыландырылады деп көрсетілген. Саяси тапсырыс болмаған соң, іс баяу жүрді. Сондықтан бірінші аяқтау мерзімі – 2000 жылы орындалмады.

Екінші 2005 жылға дейін құрылған жоспар да іске аспады. Мемлекетте ұлттық парасы (қағаз және металл) және басқа да маңызды ақпарат, БАҚ,

теледидар, тысқы реклама екі графикада шығарылады. Біраз ЖОО дәрістері мен оқу-тәрбие жұмысы екі әліпбиде жарыстырып құрастырылады.

Еуропа Одағы латын әліпбилі елдердің басым көпшілігі төл дыбыстарын таңбалау үшін ерекше, дәстүрлі латынға қосымша әріптерді пайдаланады.

Мысалы, француз тілінде диакритикалық таңбалар да (*é, è, à, ù, ê, â, ô, î, û, ë, ï, ü, ÿ, ç*), лигатура-диграфтар да (*œ, œ*) баршылық.

Неміс тілінде де умлаум (*ä, ö, ü, ß* және кейде – *ae, oe*), поляк (*ć, ś, ź, dz, dź, dż, cz, rz*) және басқа Еуропа одағы елдерінде әр әліпби – төл дыбыстары мен ерекше әріптерімен қамтамасыз етіледі.

Қарақалпақстан әліпбиіне келер болсақ, оны «инновациялық» деп атауға болады. Мәселен, *[ə], [ɛ], [ɨ], [ø], [ʏ]* дыбыстарын олар еш қиындықсыз дәйекшелер ['] қосу арқылы берді: *a', g', n', o', u'*.

Қазіргі көптеген тілші-мамандар кейбір жұп дыбыстарды таңбалау үшін әліпбиде дәйекшені қолдануға қарсылық танытып отыр. Олар Ахмет Байтұрсынұлының осындай мақсаттарда дәл осы дәйекшені (апостроф) белсендірек қолданған абзал деп жазғанын ескерусіз қалдырған сыңайлы. «...Дәйекше тұрса, ол сөздің әріптері жіңішке айтылады...» – деген еді ол.

Әр дыбыста жеке таңба болу керектігі жиі айтылады, ол да үнемі ақиқат нәрсеге жанаса бермейді.

Мысалы, неміс тілінде 42 дыбыс және 26 әріп, ағылшын тілінде 44 дыбыс және 26 әріп, испан тілінде 44 дыбыс, 14 дифтонг (қосар дыбыстар) және 4 трифтонг (үш дыбыс) – барлығы 27 әріп.

Байқап отырғанымыздай, көп жағдайда әріпке қарағанда, дыбыс анағұрлым басым.

Осылайша, латынға бұған дейін көшкен Әзербайжан, Түркменстан, Түркия, Өзбекстан сияқты түркі тектес елдердің және сан ғасырлық дәстүрлі жазуы бар Франция, Германия, Польша және басқа да батыс елдердің тәжірибелері қарастырылған. Жаңа әліпбилеріне төл дыбыстары енбей қалғандықтан, олар біртіндеп айналымнан шығып қалған. Сонымен бірге, Еуроодақ елдерінде төл дыбыстарын апострофпен беру кеңінен тараған. Ондай тәсіл тілдің өз функциясын тиімді атқаруына еш кедергі келтірмейді. Осы ретте **диграф пен апострофтың** артықшылықтарына тоқталар болсақ, стандартты QWERTY пернетақтаны пайдаланып, ағылшын қаріпті кез келген компьютерге жаңа графемаларды орнату бойынша қосымша бағдарламаларды жүктемей-ақ, бірден теруге болады.

Диграф пен апострофтың омонимиялық нұсқаларды беруде қиындықтары мен кемшіліктеріне келер болсақ, **диграфтар** –туындайды. Мысалы, *еріңе* және *ерінге, желіңе* және *желінге* тәрізді сөздер – бірдей жазылады – *eringe, jelinge*.

Жазылу кезінде қиындықтар туындайды. *Пасха* және *Паша* сияқты типтегі сөздер – *pasha* түрінде бірдей жазылады, *схолостика, асхана* және т.с.с. – *sholastika, ashana* және т.б. *[шолостика], [ашана]* болып оқылады.

Апострофтар – ә, ү, ө, ғ дыбыстары – тілдің дербес фонематикалық релевантты дыбыстары және оларды а, ұ, о және г дыбыстарының

инварианттары ретінде беру (апострофты дәл солай таңба) – ортологиялық жақтан (нормалау тұрғысынан) қажет емес. *Ol* және *o'l* (*ол* «ол» және *өл* «өлу»), *bol* және *bo'l* (*бол* «болу» және *бөл* «бөлу»), *ot* және *o't* (*от* «от» және *өт* «өту») және т.б. типтегі мысалдарды салыстырыңыз, мұнда біз бірыңғай түзілімдердің нұсқаларын емес, тіптен дербес және әртүрлі бірліктерді көреміз.

Тіпті ағылшын тіліне жақын туыстас тілдер – француз, неміс және де басқа тілдер – әрқайсысы өзінің ұлттық әліпбиіне дербес дыбыстарды берудің өзіндік және өзгеше тәсілдерін енгізді. Олармен салыстырғанда қазақ тілінің көп ерекшелік белгілері мен дербес өзгешеліктері бар.

Жоғарыда атап өткен елдердің қатарын Қазақстан да толықтырмақ. Латын әліпбиіне кезең-кезеңмен көшу қанша уақыт алары да алдағы уақыттың еншісінде. Бүгінде Қазақстаннан өзге елдер де латын әліпбиіне көшу жайын қарастырып жатқаны жасырын емес. Қырғыз елінде де 15-20 жылдың ішінде латын әліпбиін қолға алу жайы сөз болған. Украинада да латын әліпбиі мәселесі ауық-ауық талқыланып келеді. Олардың тарихында бұл әліпбиді қолданған кезең де болған. Сербия мемлекеті латын мен кириллицаны қатар қолданып жүр. Дегенмен кириллица ресми жазу тілі болып саналғанымен, соңғы жылдары латынға өту жайы көбірек қолдауға ие бола бастаған. Черногорияда да латын мен кириллицаны қатар қолданғанымен, алдыңғысының басымдығы байқалады. Босния және Герцеговина елдерінде босня, хорват және серб тілдері латын және кириллица әліпбиінде ресми болып саналады. Мемлекет басшылығы бір тіл мен бір әліпбиді таңдауға әзірге мүдделі емес. Әйтсе де жергілікті басылымдардың барлығы дерлік кириллицадан гөрі латын әліпбиін көп қолданады.

Латын әліпбиі біздің жыл санауымыздан 800 жыл бұрын пайда болған деген деректер бар. Нақтырақ айтсақ, аталған латын әліпбиін үш мың жылға жуық уақыттан бері адамзат қолданып келеді деген сөз. Осы тұрғыдан алғанда бұл әліпби бізге аса таңсық та емес. Таңсық болмағанда 1929 – 1940 жылдар аралығында латын әліпбиі қазақ тарихында қолданылды. Ал қазіргі ақпарат пен технологияның дамыған заманында жастардың көпшілігі латын әліпбиін жете түсінеді. Елбасы қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі туралы тарихи Жарлыққа 2017 жылдың 26 қазанында қол қойды. Алайда, латын әліпбиіне негізделген нұсқа қоғамда қызу талқыланып, терең қаралды. Тіл мамандары мен тіл жанашылары да өз нұсқаларын ұсынды. Нәтижесінде "Қазақ тілі әліпбиін кирилл жазуынан латын графикасына көшіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы № 569 Жарлығына өзгеріс енгізіліп, жаңа нұсқа жарияланды.

Жаңа нұсқаларына қатысты жолданған ұсыныстар да назарға алынды. Қазақстан 2025 жылға дейін латын қарпіне кезең-кезеңімен көшетін болады. "Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың

болашағы үшін осындай шешім қабылдауымыз тиіс және бұл әлеммен бірлесе, байланыса түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады", - деді Елбасы. Латын әліпбиіне көшу жайы Қазақстанда ғана қолға алынған дүние емес. Қазірдің өзінде латын әліпбиіне көшуге ынта танытып отырған елдер бар. Екі әліпбиді (латын, кирилл) қатар қолданатын мемлекеттер де кездеседі.

1.3 Орта білім жүйесін латын графикасына көшірудің стратегиялары

Білім беру саласы латын графикасына көшу үрдісінде маңызды орын алады. Бұл үрдіс барысында білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістерге ұшырайтыны анық.

Жаңа латын әліпбиіне көшудің мемлекеттік бағдарламасында қарастырылған мәселелер:

2019 ж.: Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі мекемелері мен орта мектептің бірінші сыныптарында жаңа графиканы оқыту;

✓ Қазақстан Республикасы мектепке дейін мекемелер мен орта мектептің екінші және үшінші сыныптарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жаңа графикада әзірлеу мен шығару;

✓ Оқушылар үшін оқу радиосы мен телехабарларды ұйымдастыру;

✓ Мектепке дейінгі және мектеп мекемелерінің мұғалімдеріне, ЖОО оқытушыларына арналған жаңа әліпби мен емле ережелерін оқыту курстарын ұйымдастыру;

✓ Топонимикалық және антропонаимикалық сөздіктер әзірлеу және шығару;

2020 ж.: Орта мектептің екінші және үшінші сыныптарына жаңа графиканы оқыту;

✓ Қазақстан Республикасы орта мектебінің төртінші және бесінші сыныптарына, жоғары оқу орындарының бірінші курс студенттеріне арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жаңа графикада әзірлеу мен шығару;

✓ Оқушылар мен студенттерге арналған оқу радиосы мен телехабарлар ұйымдастыру;

✓ Мектеп мұғалімдеріне, ЖОО оқытушыларына арналған жаңа әліпби мен емле ережелерін оқыту курстарын ұйымдастыру;

2021 ж.: Қазақстан Республикасы орта мектебінің төртінші және бесінші сыныптарында және жоғары оқу орындарының бірінші курстарында жаңа графиканы оқыту;

✓ Қазақстан Республикасы орта мектебінің алтыншы және жетінші сыныптарына, жоғары оқу орындарының екінші және үшінші курс студенттеріне арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жаңа графикада әзірлеу мен шығару;

✓ Оқушылар мен студенттерге арналған оқу радиосы мен телехабарлар жұмысын жалғастыру;

✓ Мектеп мұғалімдері мен ЖОО оқытушыларына арналған жаңа әліпби мен емле ережелерін оқыту курстарының жұмысын жалғастыру;

2022 ж.: Қазақстан Республикасы орта мектебінің алтыншы және жетінші сыныптарында және жоғары оқу орындарының екінші-үшінші курстарында жаңа графиканы оқыту;

✓ Қазақстан Республикасы орта мектебінің сегізінші және тоғызыншы сыныптарына, жоғары оқу орындарының төртінші (бесінші) курс студенттеріне арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жаңа графикада әзірлеу және шығару;

✓ Оқушылар мен студенттерге арналған оқу радиосы мен телехабарлар жұмысын жалғастыру;

✓ БАҚ-ты латын графикасына көшіру (жоспар бойынша);

✓ Мектеп мекемелері мұғалімдері мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына арналған жаңа әліпби мен емле ережелерін оқыту курстарының жұмысын жалғастыру;

2023 ж.: Қазақстан Республикасы орта мектебінің сегізінші және тоғызыншы сыныптарында және жоғары оқу орындарының төртінші (бесінші) курстарында, магистратурада жаңа графиканы оқыту;

✓ Қазақстан Республикасы орта мектептерінің оныншы, он бірінші және он екінші сыныптарына, магистранттар мен (PhD) докторанттарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жаңа графикада әзірлеу және шығару;

✓ Оқушылар мен студенттерге, магистранттар мен докторанттарға арналған оқу радиосы мен телехабарлар жұмысын жалғастыру;

✓ Мектеп мекемелері мұғалімдері мен жоғары оқу орындары оқытушыларына, ғалымдарға арналған жаңа әліпби мен емле ережелерін оқыту курстарының жұмысын жалғастыру;

2024 ж.: Орта мектептің оныншы, он бірінші және он екінші сыныптарына, магистратура мен (PhD) докторантурада жаңа графиканы оқыту;

✓ Оқушылар мен студенттерге, магистранттар мен (PhD) докторанттарға арналған оқыту хабарламаларының жұмысын жалғастыру;

✓ Мектеп мұғалімдері мен ЖОО оқытушыларына, ғалымдарға арналған жаңа әліпби мен емле ережелерін оқыту курстарының жұмысын жалғастыру;

2025 ж.: Білім беру жүйесінде оқыту толықтай жаңа графикада жүргізіледі.;

✓ Ғылыми зерттеулер жаңа графикаға көшіріледі;

✓ Республиканың барлық БАҚ, баспалары мен полиграфиялары жаңа әліпбиде жұмыс жасайды.

✓ Қазақ тіліндегі интернет кеңістігі латын графикасында жұмыс жасайды.

Бірінші кезекте латын әліпбиі негізіндегі жаңа жазу мен емле ережелерін үйретуге арналған қысқа мерзімді курстар ұйымдастырылып, мектеп мұғалімдерінің біліктілігі жетілдірілетін болады. Латын графикасына көшу іс жүзіне асырыла бастағанда мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар тарапынан

қолдау көру мақсатында білім беру жүйесінің барлық деңгейіндегі ұйымдар насихаттау ісіне атсалысатын болады. Республиканың барлық негізгі және жалпы орта білім беретін мектептерінде, колледждер мен жоғары оқу орындарында алдағы 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілуге тиіс.

Сонымен, қазақ тілі әліпбиін латын қарпіне көшіруді ғылыми-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету барысында еліміздегі білім беру орындарымен бірігіп атқаратын да келелі мәселелер бар. Біріншіден, латын әліпбиін жедел меңгеруді қамтамасыз ететін әдістеме кешенін әзірлеп, әліпбидің орфографиялық, орфоэпиялық нормаларын үйрететін тиімді әдіс-тәсілдерді анықтау қажет; екіншіден, латын әліпбиін жедел меңгеруге арналған әдістеме нұсқаулығын әзірлеп, оны көп тиражбен шығарған дұрыс; үшіншіден, баспа түріндегі қаріптерге көпшіліктің көзі тез үйренгенімен, оның жазбаша таңбаларын игеріп, жазып кету де – өз алдына бір әлем. Сол мақсатта орта білім жүйесін латын графикасына көшірудің бірнеше қадамын жасап, мектеп директорына, директордың оқу және ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасарларына, пән мұғалімдеріне жүктелетін міндеттердің бірқатарын ұсынып отырмыз.

1-қадам. Ұйымдастыру жұмыстары

Білім беру ұйымдарының басшылары үшін:

- қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудің жағымды тұстарын мектеп ұжымы, ата-аналар мен оқушылар арасында әйгілендіру, ақпарат беру және талқылау жұмыстарын жүргізу;

- жаңа графикаға көшуге оң көзқарас таныту және өз ұжымын ынталандыру;

- жаңа графикаға көшуді жүзеге асыру үшін мамандарды іріктеуге баса назар аудару;

- латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін оқытуды іске асыру барысында мұғалімдерге және олардың кәсіби дамуына қолдау көрсету;

- жаңа графикаға көшуді іске асыру барысында мұғалім, ата-аналар мен білім алушылар арасындағы ынтымақтастықты қолдау.

Директордың оқу және ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасарлары үшін:

- латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін оқыту бойынша жұмыс жоспарын құру және бекіту;

- жұмыс жоспарының орындалуын қадағалау;

- мұғалімдерді біліктілікті арттыру курстарына жіберу;

- оқу процесін жаңа графикада әзірленген оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету;

- оқу кабинеттерін жабдықтау жұмыстарын ұйымдастыру;

- мұғалімдермен, ата-аналармен, оқушылармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

- мектеп мұғалімдеріне жаңа әліпбиді оқыту бойынша әдістемелік көмек көрсету.

Мұғалімдер үшін:

- жаңа әліпбиді, жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінің емле ережелерін меңгеруге, оларды түрлі жағдайларда қолдануға талпыну;

- жаңа әліпбиді, жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінің емле ережелерін оқыту әдістері мен түрлі технологияларды зерттеу және қолдану;

- жаңа әліпбиді және жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінің емле ережелерін оқыту әдістері бойынша біліктілікті үнемі арттыру;

- білім алушылардың қызығушылығын және құштарлығын оятуға баса назар аудару;

- байқаулар мен конкурстар, ойын түрлерін ұйымдастыру;

- мән-мазмұнды тапсырмаларды бірте-бірте және жоспарлы түрде арттыру.

Ата-аналар үшін:

- қазақ әліпбиінің латын графикасына көшірілуі жөнінде балаларға оң көзқарас танытып, оларға жаңа әліпбиді үйренудің артықшылықтарын айтып түсіндіруі қажет. Балалармен бірге теледидар (түрлі бағдарламаларды, мультфильмдерді, бастапқы кезеңде субтитрмен фильмдерді) көру және үйде жаңа графикамен жазылған кітаптарды, көркем шығармаларды оқыту.

- латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін оқытуды іске асыру барысында білім беру ұйымдарының басшыларымен, мұғалімдермен ынтымақтастықты қолдау.

2-қадам. Жүзеге асыру шарттары

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіруде шешілуі тиіс мәселе жаңа әліпби мен емле ережелерін оқытуды қамтамасыз етуге дайын білікті мамандарды даярлау болып табылады. Осы мақсатта білім беру ұйымы педагогикалық мамандарды жүйелі түрде оқытуды жүзеге асыруы қажет.

Жаңа әліпби мен емле ережелерін оқытуды табысты іске асыруға, мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттыруға қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің, әдістемелік бірлестік жетекшілері мен латын графикасын енгізу жөніндегі үйлестірушілердің командалық жұмысы мүмкіндік береді. Мұғалімдердің командалық жұмысы жаңа әліпбиді оқытудың тәсілдерін, принциптерін, оқу стратегияларын зерттеу және талқылау, бірлескен жоспар құру және жұмыстарды талдау мақсатындағы жүйелі кездесулер сияқты түрлі іс-шаралар ретінде (оның ішінде білім алушылардың жетістіктері мен қиындықтарын талдау) жүзеге асырылуы мүмкін. Мәселен, арнайы білім беруге қажеттіліктері бар білім алушыларды анықтау, ондай білім алушыларға қолдау көрсету бойынша жоспар әзірлеу; мұғалімдер тәжірибелерін тарату; тәлімгерлік; сабақтарға өзара қатысу; бейнежазба және сабақты талдау; оқу материалдарын жасау; ата-аналармен жұмысты, сыныптан тыс және мектептен тыс іс-шараларды ұйымдастыру.

Мұғалімдердің командалық жұмыстары жаңа әліпби мен емле ережелерін оқытуды **оқу-әдістемелік қамтамасыз ету** мақсатында құрылған **шығармашылық топтардың** форматы бойынша жүргізілуі мүмкін. Жаңа әліпби бойынша білім беретін мұғалімдердің аталған шығармашылық бірлестігі оқулықтарды, ОӘК, орфографиялық, терминологиялық сөздіктерді, әдістемелік нұсқауларды, тілді және пәнді кіріктіріп оқыту бойынша ұсынымдамаларды, бағалау және мониторинг материалдарын, түрлі пәндер бойынша сыныптан тыс сабақтарға арналған бағдарламаларды әзірлеумен және сараптаумен айналысуы мүмкін.

Латын графикасына негізделген жаңа әліпби мен емле ережелерін оқытуды **әдістемелік қамтамасыз ету**, оны табысты жүзеге асырудың шарты ретінде тілдерді оқытудың технологиялары мен әдістерін енгізу мен меңгеруге, бағалау технологиялары мен мониторингке байланысты. Негізгі технологиялар мен әдістерге деңгейлік және коммуникативтік тәсілдер, «білімнің қосарлы кіруі» принципіне негізделген технологиялар, сын тұрғысынан ойлау технологиясы, сабақтан тыс жұмыстар және т.б. жатады.

Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі міндеті адамның ішкі жан-дүниесінің, адамгершілік қасиеттерінің, жеке басының дұрыс қалыптасуына бағыттау, соған негіздеу болып табылатындықтан, қазіргі қоғам адамзат алдына, білім беру жүйесіне үлкен мәселелерді қойып отыр. Әсіресе, орта білім жүйесінде қызмет ететін мұғалімдердің күрделі де маңызды мәселесі – оқыту мен білім беру үрдісін жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын, жаңа үлгілерін құрастырып шығару, оларды оқу үрдісінде тиімді пайдалану.

Орта білім жүйесін латын графикасына көшірудің ғылыми-әдістемелік негіздеріне орай төмендігідей **міндеттер** туындайды:

- ✓ латын графикасына көшу арқылы қазақ тілінің мәртебесін арттыру;
- ✓ орта білім жүйесінде білім алушылардың тілді меңгеруге деген қызығушылығын арттыру;
- ✓ латын графикасына көшу арқылы әлемдік білімге қолжетімділікті нығайту;
- ✓ орта білім жүйесін латын графикасына көшірудің ғылыми-әдістемелік негіздерін саралай отырып мұғалімдерге әдістемелік көмек беру;
- ✓ тілді меңгерту арқылы тіл тазалығына баса назар аудару және т.б.

Жаңа әліпбиді оқытудың ғылыми негіздері мен сабаққа енгізудің әдіс-тәсілдері жөнінде әлі де анықтайтын мәселелер көп. Ұсынылып отырған әліпби жобасын нәтижелі жүзеге асыру үшін қажетті шараларды бірнеше бағытта жүргізген ұтымды. Мұндай шараларды қоғамдық-әлеуметтік, педагогика-психологиялық, лингвистикалық, әдіснамалық бағыттар деп ажыратуға болады. Латын әліпбиіне көшу кезінде тілдің құрылымдық-жүйелілік сипатын анықтайтын дыбыстық заңдылықтарды жан-жақты қарастырған абзал. Бұл тұста қазіргі қоғамда қызмет ететін тілдік нормаларды (лексикалық, грамматикалық, фонетикалық), орфография (дұрыс жазу) мен орфоэпия (дұрыс оқу) заңдылықтарын, қазақ тілінің жалғамалы

сипатымен байланысты сөзжасам жүйесі мен сөздердің тіркесу заңдылықтарын дұрыс қолдануға назар аударылады.

Латын әліпбиіне өту фонологиялық, лексикологиялық, сөзжасамдық, терминологиялық жағынан жазуға қатысты ережелерді жүйелі, жеңілден күрделіге қарай үйретуді мақсат еткені дұрыс. Ғылыми-әдістемелік бағыт адамдардың латын әліпбиінде оқу және жазу іскерлігін қалыптастыруға негізделеді. Ол үшін оқулықтар мен оқу құралдарын дайындап, оқытудың ғылыми-әдістемелік тұжырымдамасын жасау өте маңызды қадам деп айтар едік. Латын әліпбиінің ресми функционалды қызметін күшейтуді ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету үшін жаңа ұлттық әліпбиді оқытуда тиімді әдіс-тәсілдер мен жаңа технологияларды өз тәжірибелерінде пайдалана алатын маман кадрларды даярлау, латын қарпін оқыту мен үйретудің әдістемелерін жасау, оны меңгертудің әдістемелік негіздерін анықтау және оның тиімді жолдарын ұсыну, әдіскер ғалымдардың тәжірибелерін жинақтап, қазіргі ақпараттық заман талабына сәйкес латынға негізделген сауат ашу оқулығын құрастыру, сауат ашу жұмыстарына байланысты сайттар мен электронды оқу құралдарын дайындау арқылы жүзеге асырылады.

Латын әліпбиіне көшудің жоғарыда аталған талап-мүдделерінің барлығы, негізінен, білімді де тәжірибелі маман даярлау ісімен тығыз байланысты. Латын әліпбиін өндіріске енгізу, ең алдымен, білікті мұғалімдерді талап ететінін жоғарыда айтқанбыз. Елбасының: «2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауымыз қажет», – деген тапсырмасына орай, тікелей оқулықтар, оқу құралдары мен оқу-әдістемелік нұсқауларды дайындауды тездету қажеттігі туындап отыр.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Латын графикасына негізделген жаңа әліпби мен емле ережелерін оқытудың заманауи процесін тілдік ортаны ұйымдастыруға мүмкіндік беретін арнайы кабинеттерсіз және тілдік лабораторияларсыз елестету мүмкін емес. Лингафондық жабдықтарды, компьютерлік ОҚ және ақпараттық-коммуникациялық оқу құралдарын пайдалану үшін техникалық жағдай жасау ерекше рөл атқарады. Тілдік лабораториялар мен кабинеттердің ерекшелігі – олар оқу құралдарын, сонымен қатар, техникалық оқу құралдарын кешенді пайдалануды қамтамасыз етеді.

Оқу үдерісін материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қойылатын заманауи талаптар:

- 1) кітап баспа өнімдерінің (кітапхана қоры) тізімі;
- 2) демонстрациялық баспа нұсқаулықтарының тізімі: түрлі пәндік, сюжеттік, тақырыптық суреттер, алфавит (қабырға кестесі), грамматикалық материалдардың негізгі бөлімдеріне арналған грамматикалық кестелер, аса көрнекті мәдениет қайраткерлерінің, жазушылардың портреттері, ландшафт, қала, еліміздің жекелеген көрікті жерлерінің суреттері бейнеленген суреттер жиынтығы;

3) техникалық ОҚ тізімі: а) мультимедиалық компьютер (компакт-дискілерді оқу-жазу, дыбыс, бейне кіріс/шығыс, Ғаламторға кіру мүмкіндігі). Компьютер акустикалық колонкалармен, микрофон және құлаққаптармен, қолданбалы бағдарламалар пакетімен жарақтандырылған; б) лазерлі принтер; в) көшіру құрылғысы; г) сканер; д) телекоммуникация құралдары, оның ішінде электрондық пошта, телеконференция, жергілікті және аймақтық желілер. Олар қажетті қаржылық және техникалық жағдайлар болған жағдайда, білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету шеңберінде құрылады; е) бейнемагнитофон, дыбыс жазғыш; ж) теледидар; з) лингафондық құрылғылар;

4) компьютерлік және ақпараттық-коммуникациялық құралдар тізімі: электрондық оқулықтар, мультимедиалық оқыту бағдарламалары және оқулықтар. Олар тілдік материалмен жұмыс, сондай-ақ, тілдік қызметтің негізгі түрлерін дамыту үшін де пайдаланылуы мүмкін. Олар білім алушыларды даярлаудың ағымдағы және қорытынды бақылау жүйесін құруға техникалық мүмкіндік беруі қажет. Ойын компьютерлік бағдарламаларын сыныпта және үйде жұмыс істеу үшін пайдалануға болады;

5) экранды және дыбыстық құралдардың тізімі: стандартта көрсетілген пәнге сәйкес келетін аудиожазбалар, бейнефильмдер; слайдтар (диапозитивтер); грамматикалық материалдың негізгі бөлімдеріне сәйкес келетін фолья-кестелер.

Оқыту құралдарын мұғалім тек біліп және ие болып қана қоймай, сонымен қатар, оларды жұмыс тәртібінде ұстап, тиімді пайдалануы қажет.

Сонымен, қазақ тілін латын графикасына көшіруде ең алдымен жазудың өзгеруі сөз болады. Жазу – әрбір халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс. Ол өткенді – бүгінмен, бүгінді – келешекпен жалғайтын алтын көпір. Осы бір алтын көпірге айналғалы тұрған латын қарпі негізіндегі жаңа әліпби төл тіліміздің қалпын сақтап, мәртебесін асқақтата түспек.

ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ

№	Латыннегізді әліпби	әріп атауы	Кирилл негізді әліпби	әріп атауы
1.	Aa	[a]	Аа	[а]
2.	Áá	[á]	Әә	[ә]
3.	Bb	[by]	Бб	[бы]
4.	Dd	[dy]	Дд	[ды]
5.	Ee	[e]	Ее	[е]
6.	Ff	[fy]	Фф	[фы]
7.	Gg	[gi]	Гг	[гі]
8.	Ǵǵ	[ǵy]	Ғғ	[ғы]
9.	Hh	[hy]	х, h	[хы]
10.	Ii	[i]	Іі	[і]
11.	Iı	[iu]	и, й	[иі]
12.	Jj	[jy]	Жж	[жы]
13.	Kk	[ki]	Кк	[кі]
14.	Ll	[yl]	Лл	[ыл]
15.	Mm	[my]	Мм	[мы]
16.	Nn	[ny]	Нн	[ны]
17.	Ññ	[yń]	Ңң	[ың]
18.	Oo	[o]	Оо	[о]
19.	Óó	[ó]	Өө	[ө]
20.	Pp	[py]	Пп	[пы]
21.	Qq	[qy]	Ққ	[қы]
22.	Rr	[yr]	Рр	[ыр]
23.	Ss	[sy]	Сс	[сы]
24.	Tt	[ty]	Тт	[ты]
25.	Uu	[u]	Ұұ	[ұ]
26.	Úú	[ú]	Үү	[ү]
27.	Vv	[vy]	Вв	[вы]
28.	Yy	[y]	Ыы	[ы]
29.	Ýý	[uý]	Уу	[ұу]
30.	Zz	[zy]	Зз	[зы]
31.	Shsh	[shy]	Шш	[шы]
32.	Chch	[chy]	Чч	[чы]

2 Латын графикасына көшудегі тілдік заңдылықтарды меңгертудің ерекшеліктері

Түбір сөздердің емлесі. Қазақ тілінде түбір сөздер тіл үндесімі бойынша жазылады.

Тіл үндесімі – алғашқы буынның үндесіміне қарай бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке айтылатын қазақ тілінің негізгі дыбыстық заңдылығы.

Сөздер бірыңғай жуан не жіңішке үндесіммен жазылады: *azamat, unytmaq, bosaga, turmys; asem, memleket, izet, umit, soilem.*

Ескерту. Кейбір кірме сөздерде үндесім сақталмай жазылады: *quziret, qudiret, muğalim, qyzmet, qoshemet, aqiret, qasiet, qadir, kitap, taúqimet, qaziret.*

Сөздердің, сондай-ақ сөз тіркесіндегі жеке сөздердің негізгі тұлғасы сақталып жазылады: *qulyн (qulun емес), júzim (júzum емес), kólek (kólók емес), júrek (júrók емес), oryndyq (orunduq емес), kók oramal (kóg oramal емес), aq ala (ağ ala емес), aq aıú (ağ aıú емес), bara almaımyn (baralmaımyn емес), barsa ıgi edi (barsıgedi емес), baryp pa eken (baryppeken емес), kele jatyr (kelatyr емес).*

Бірқатар кірме сөздер айтылуы бойынша игерілген түрде жазылады: *taýar, nómir, poshta, kástóm, pálte, poiyz, siez* [2].

Қосымшалардың жалғануы. Қосымшалар түбір сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың үндесіміне қарай не жуан, не жіңішке болып жазылады: *jumys-shy-lar-dyń, qart-tar-dyń, baqsha-myz-da; mekeme- de, bereke-si, teńiz-shi-ler; kitap-tyń, qudiret-ke, muğa-lim-niń; kógal-ğa, kógoraı-ğa.*

Сөздің соңғы дыбысы қатаң болса, оған жалғанатын қосымшалар қатаңнан басталады, дауысты, ұяң немесе үнді болса, қосымшалар ұяң не үндіден басталып жалғанады: *halyq-qa, qyrat-tar, mektep-ke, kólik-pen; táj-ge, qaryz-ğa, juldyz-dar; tań- ға, pán-der, tal-dyń, kól-ge, bala-ға, bala-lar, áje-ge, áje-niń.*

Соңғы буынында **á** әрпі жазылатын түбір сөздерге қосымшалар жіңішке жалғанады: *kinási, kinásiniń, kináli, kúnási, kúnásiniń, kúnásine, kúnásinen, shúbási, shúbásiniń, shúbásiz, kýási, kýásiniń, kýásine, kýásinen, kýálik, kýáger, kúmáni, kúmániń, kúmáńdi, kúmáńshil.* Бірақ ашық дауыстылармен келетін қосымшалар жуан жалғанады: *kúnáға, kúnádan, kináлау, shúbáлану, kýáға, kýáдан, kúmáńға, kúmáńдану.*

Түбірдің соңғы буынында үнді дауыссыз дыбыстан кейін тұрған **у, і** әріптері тәуелдік қосымшасы жалғанғанда түсіріліп жазылады. Мысалы: *ауыл – аұлы, дауыс – даұсы, ерін – ерни, халық – халқы, орын – орны, ғұрып – ғұрпы, қурық – қырқы, қорик – қорки (бет-ажап), әріп – әрпі, нарық – нарқы, парық – парқы, қулық – құлқы.*

Ескерту. Мағынасына нұқсан келетін сөздерде **у, і** түсірілмей жазылады. Мысалы: *қулық – қулығы; қорик – қориги (ұстаның құралы); қалыр – қалыбы (нанның қалыбы); қурық – қурығы (сандық мағына); нарық – нарығы (термин)* [3].

Сөздің соңғы буынындағы екі дауыссыздың арасындағы **у, і** әріптерінің жазылуы немесе түсірілуі белгілі бір грамматикалық құбылысқа байланысты. Көптеген тілдерде сөз тұлғасы өзгергенде, кейбір дауысты дыбыстар сусып түсіп қалады. Қазақ тілінде де соңғы буындарында **у, і** қысаң дыбыстары бар бірқатар сөздерді тәуелдегенде соңғы қысаң дыбыстар түсіп қалады: *haluq* + *у* – *halqu*, *kórik* + *і* – *kórki* (*ajary*), *erik* + *і* – *erki*. Бұл заңдылық **у, і** дыбыстарының үнді (сонор) **г, л** дыбыстары мен қатаң **қ, к** дыбыстарының аралығында келген жағдайда ғана байқалады. Ал қалған сәттерде соңғы буындағы қысаң дыбыстар түсіп қалмайды, сақталады және жазылады: *kiim* + *і* – *kiimi*, *qulun* + *у* – *qulynu*, *oiun* + *у* – *oiunu*, *burum* + *у* – *burumu*, *daúys* + *у* – *daúysu*, *aúyl* + *у* – *aúyly* [3].

Ү, і дыбыстарына аяқталатын сөздерге дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанғанда, **у, і** әріптері түсіріліп жазылады. Мысалы: *altu* + *ау* – *altaú*, *jeti* + *еу* – *jeteú*, *eki* + *еу* – *ekeú*.

Соңғы буынында **у, і** дыбыстары бар түбір етістіктерге (мұнда да көбінесе **г, л** сонорлары мен **қ, к** қатаң дауыссыздардың аралығында келген **у, і** дыбыстары бар сөздерге) дауыстыдан басталатын жұрнақтар жалғанғанда, қысаң дыбыстар түсіп қалады, бұл заңдылық жазуда да сақталады: *úrik* + *ек* – *úrkek*, *buiyr* + *уқ* – *buiyruq*, *qoryuq* + *ақ* – *qorqaq*, *qoryuq* + *атын* – *qorqatyn*, *qoryuq* + *уныsh* – *qorqunysh* т.т.

Соңғы буынындағы **у, і** әріптерін түсіріп не түсірмей жазу бірқатар сөздердің мағынасын айыру үшін пайдаланылады. Мысалы: *aúyru* – етістік (көп ауыруға болмас) және *aúry* – зат есім (Ауруды асқындырмау керек); *umtyly* – *talpyny* және *umtyly* – *esten shygy* [2].

s немесе **z** дыбыстарына аяқталатын сөздерге **s, sh** дауыссыздарынан басталатын қосымша жалғанғанда, түбірдің негізгі тұлғасы сақталып жазылады: *tuzsyz* (*tussyz* емес), *sózsiz* (*sóssiz* емес), *jazsyn* (*jassyn* емес); *bashshy* (*bashshy* емес), *aúyszha* (*aúyshsha* емес), *qussha* (*qushsha* емес).

n дыбысына аяқталатын сөздерге **ǵ, g, b, m** дауыссыздарынан басталатын қосымша жалғанғанда, түбірдің негізгі тұлғасы сақталып жазылады: *burynǵy* (*buryǵy* емес), *janǵa* (*janǵa* емес), *qaúynǵa* (*qaúynǵa* емес), *túnǵi* (*túnǵi* емес), *tómengi* (*tómeǵi* емес), *júgenge* (*júgeǵge* емес), *janbaidy* (*jambaidy* емес), *kónbedi* (*kómbedi* емес), *senbeidi* (*sembeidi* емес), *saimanmen* (*saimammen* емес).

k, q, p дауыссыздарына аяқталған түбір сөзге тәуелдік жалғауы жалғанғанда, **g, ǵ, b** болып ұянданып жазылады: *júrek-júregi*, *súek* – *súegi*, *kúrek* – *kúregi*; *qazaq* – *qazaǵy*, *bairaq* – *bairaǵy*, *taraq* – *taraǵy*; *kitap* – *kitaby*, *asrap* – *aspaby*, *lep* – *lebi*; Ал осы дауыссыздарға аяқталатын етістік түбіріне көсемшенің **-a, -e, -i** жұрнағы жалғанғанда, **g, ǵ, b, y** болып жазылады: *ek* – *egedi*, *tók* – *tógedi*; *taq* – *taǵady*, *baq* – *baǵady*; *kep* – *kebedi*, *keúip*, *jap* – *jabady*, *jaúyp*, *tap* – *tabady*, *taúyp*. Бірақ *sap* – *sapy*, *sapynda*, *tarap*–*tarapynda*, *tarapumyzdan*, *qazaq*–*qazaqu* тәрізді сөздердің түбір тұлғасы сақталып жазылады.

Түбір сөзге - *hana, -gói, -qoi, -kez, -kesh, -paz, -ger, -ker,-tal, -dar, -qor, -kúnem, -niki (-diki, -tiki), -men (-ben, -pen)* тәрізді араб, парсы тілінен енген және төл қосымшалар сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарамай жалғанады: *kitaphana, emhana; danagói, aqylgói; sánqoi, áyesqoi; arbakesh, baishykes; jihankez; ónerpaz, bilimpaz; zańger, saýdager; kásipker, qairatker; sezimtal, úgymtal; dindar, qaryzdar; mansapqor, jemqor; paidakúnem; ataniki, aýyldiki, qazaqtiki; qoǵammen, ultpen, qyzben. sezimtal, úgymtal; dindar, qaryzdar; mansapqor, jemqor; paidakúnem; ataniki, aýyldiki, qazaqtiki; qoǵammen, ultpen, qyzben*[3].

Екінші сыңары *basu, asu, aǵasy, anasy* тұлғаларымен келген біріккен сөздерде септік жалғаулары сөздің тәуелдік формасына жалғанады: *Elbasyna, Elbasyn, Elbasynnda, otbasyna, otbasyn, otbasynnda, qonaqasyna, qonaqasyn, qonaqasynnda, otaǵasyna, otaǵasyn, otaǵasynnda, otanasyna, otanasyn, otanasynnda.*

Тәуелдік жалғауының III жағы жалғанбайды.

Кісі есімдеріне және *-ov, -ev* жұрнағымен аяқталған кісінің тегіне қосымша түбір сөздің соңғы буынына сәйкес үндесіп жалғанады: *Álihannyń, Álihanǵa; Dilshattyń, Dilshatqa; Nábievanyń, Nábievke; Baıǵaraevtyń, Baıǵaraevqa.*

Ескерту. Соңғы буыны *á*-мен аяқталған кісі есімдеріне қосымшалар жуан жалғанады: *Kúlásh-qa, Kúlái-ǵa, Bilál-ǵa.*

Кісі есімдері сыңарларының жігіндегі дыбыстар ауызша айтылуына сай жазылады: *Aıǵuz, Baıgeldi, Esengul, Qaragóz, Kenjáli, Bibajar, Qojahmet.*

Араб, парсы тілінен енген кісі есімдері қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сәйкес жазылады: *Ysqaq, Yrysjan, Yrysaldy, Ysmaiyl немесе Symaiyl, Muhambet, Ibragım, Ybyraıym, Bátıma, Qasen, Qusaiyn, Qadisha, Pazyl, Ábdıqadir, Álbeıbarys* [4].

Қазақ тіліндегі үндестік заңын меңгертуде «Екі шеңбер» әдісін пайдалануға болады. Мұнда сынып оқушылары екі шеңберге бөлінеді. Құрған жоспарларын топта оқиды. Бірінші топ ішкі шеңберге орналасады. Ал сыртқы шеңбердегілер музыка әуенімен шеңберді айналады. Музыка тоқтатқан кезде сырт шеңбердегілер өз тұсына отырады. Ішкі шеңбердегілерді сырт шеңберге шығарып орын ауыстырады.

Қосымшалардың жалғану ережесіне арналған тапсырмалардың түрлері

1-тапсырма. Berilgen sózderdiń emlege sai durys variantyn jazýnyzdar

Bilimpáz, izdenimpaz, jemqorlyq, jaýapgershilik, dúniejúzúlik, halyq aralyq, sánqoi, kórimbedi, búgıngi, buryńǵy, sońǵy, tandanbady, tańyrqady, bashshylyq, kózsúz, jazýshy, jajshy, okrygqa, ansamblǵa, Gorkıǵa, Áıtievqa, parkqa, tankka, festivalǵa, festivaly, valsqa, poliýs, shlıyz, velıyr, dıym, akter, parashıyt, kúmandáný, kúnaly, kinásiz, Musaevke, Júnisovqa, Nuralıǵa, tariqnama, jahandaný.

2-тапсырма. Berilgen sózderge túrli qosymshalardy jalǵap, túrlendirıńizder, qosymshalardyń jalǵanýyn túsindirińizder

Fond, kiosk, frank, romb, obekt, recept, pochstamp, miting, Omsk, gramm, sezd, vedomost, kilovatt, klass, gripp, Filipp, Donbass, shrift, dialekt, instinkt, disk, pýnkt, sýbekt, moral, tabel, shinel, feldfebel, povest, film, medal.

3-тапсырма. *Berligen sólemlerdegi sońgy býnynda e, ú, ia, áripteri bar sózderderge qosymshalar jalǵaný zańdylyǵyn túsindirińizder*

Okoptar, transheialar, shtabtar, birine-biri jalǵasyp, jerdiń bir qabat betin shımai-shytyрман tilgilep tastaǵan. Joǵaryda qaitadan qazdaı qanattasyp samoletter ótip barady. Túsken snarıadtyń gúrsili men dúbiri tarap, syrttan teńizdiń yńyranǵany da estile bastady. Buryń biikten parashıytpen sekirip kelsek, endi, mine, naǵyz parashıyttiń ózin alýǵa kele jatymyz. Osydan bir aı buryń Jáleldi jańadan qurylǵan Bozashy mundaı izdestirý ekspeditsıasynyń bastyǵy jáne bas geologi etip bekitilgeni týraly ministrliktiń buıryǵy kelgen.

4-тапсырма. *Tómenдеги sózderge qosymshalar jalǵap túrlendirińizder, olarmen sólem qurańyzdar.*

Үлгі: aktiv- aktivpen, aktivti, aktivter.

Aktiv, passiv, arhiv, geolog, parad, monolog, kinolog, pedagog, arheolog, klýb, tekst, vedomost.

Кейбір кирилл әріптері мен шеттілдік сөздердің емлесі

ë әрпі **ó** әрпімен таңбаланады. Оларға қосымша соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады: *manóvr (-diń, -i, -ge, -ler), brýselóz (-diń, -i, -ge, -der), aktór (-diń, -i, -ge, -ler), amóba (-nyń, -ny, -ǵa, -lar), dirıjór (-diń, -i, -ge, -ler), rejisór (-diń, -i, -ge, -ler).*

ц әрпі және **сц** әріп тіркесі **s** әрпі арқылы жазылады: *sırk, sıfr, silınr, sırkýl; desimetr, medısina, proporsional, abzas, kvars, konstitýsia, korporasia, seh; senarı, sıofit, abses, absisa, plebisıt.*

Ескерту. Қатар келген **ц** әрпі **ts** тіркесі арқылы таңбаланады: *pıtsa, Nıtsa.*

-тч дыбыстар тіркесі мен аяқталатын сөздердегі **m** әрпі түсіріліп жазылады: *skoch, skech, mach.*

ш әрпі төл сөздерде **shsh** әріп тіркесімен, ал шеттілдік сөздерде **sh** әрпімен таңбаланады: *ashshy, tushshy, keshshe; ýchılıshe, praporshık.*

э әрпі **e** әрпімен жазылады: *element, elevator, epopeia, poetika, koefisent.*

Ескерту. - **оэ** әріп тіркесімен аяқталатын сөзде **э** әрпінің орнына **ı** жазылады: *aloi, kanoi.*

ю әрпі төл сөздерде, сонымен бірге шеттілдік сөздерде сөз басында және дауысты дыбыстан кейін **ıy** әріп тіркесімен: *alıy, oıy; Iýpiter, Iýrmala; kайыта,* ал дауыссыз дыбыстан, айыру белгісі (**ѣ**) мен жіңішкелік белгісінен (**Ѣ**) кейін **ı** әрпімен таңбаланады: *parashıt, absalıt, glúkoza, debıt, prodúser, lúks, salıt, valúta, búdjed, búrokratia, sújet, búleten; fúchers, kompúter, tútor, konúktýra, konúktivıt.* Қосымша соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады.

Е с к е р т у. **и (ı)** әрпінен кейін тұрған **ю** орнына **y** жазылады: *qıy, kıy, dıy.*

я әрпі төл сөздерде, сонымен бірге шеттілдік сөздерде сөз басында, дауысты дыбыстан кейін, айыру белгісі (**ѣ**) мен жіңішкелік белгісінен (**Ѣ**)

кейін **ia** әріп тіркесі арқылы: *iaǵni, qoian; Ialta; soia, ideia; giperiadro, sýbiadro; alians, koniak*, ал дауыссыз дыбыстан кейін **á** арқылы таңбаланады: *akýmýlá tor, mýláj, zará d, kalkýlá tor*. Қосымша соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады.

Е с к е р т у. u (i) әрпінен кейін тұрған **я**-ның орнына **a** жа-зылады: *qiar, sia, Túrkia, jaria*.

Жіңішкелік белгісі (**ь**) бар буынға жіңішке дауыстылардың әрпі жазылады, қосымшалар түбірдің соңғы буынына үндесіп жалғанады, жіңішкелік белгі (**ь**) ескерілмейді: *ansámbl (-diń, -i, -ge, -der), dúbl (-diń, -i, -ge, -der), rúbl (-diń, -i, -ge, -der), paról (-diń, -i, -ge, -der), asfált (-tiń, -i, -ke, -ter), púlt (-tiń, -i, -ke, -ter), ált (-tiń, -i, -ke, -ter), ós (-tiń, -i, -ke, -ter), vólt (-tiń, -i, -ke, -ter), búldog (-tyń, -y, -qa, -tar), batalón (-niń, -i, -ge, -der), medalón (-niń, -i, -ge, -der), koról (-diń, -i, -ge, -der), gastról (-diń, -i, -ge, -der), alkogól (-diń, -i, -ge, -der), kúlt (-tiń, -i, -ke, -ter), gólf (-tiń, -i, -ke, -ter), vestibúl (-diń, -i, -ge, -der), sirkúl (-diń, -i, -ge, -der), roiál (-diń, -i, -ge, -der), álpinis (-tiń, -i, -ke, -ter), álternativ (-tiń, -i, -ke, -ter), kobált (-tiń, -i, -ke, -ter), festivál (-diń, -i, -ge, -der), álbatros (-tyń, -y, -qa, -tar), álbom (-nyń, -y, -ǵa, -dar), álmanah (-tyń, -y, -qa, -tar), áltron (-nyń, -y, -ǵa, -dar), álfa (-nyń, -ǵa, -lar), váls (-tiń, -i, -ke, -ter), bálzam (-nyń, -y, -ǵa, -dar), pálma (-nyń, -sy, -ǵa, -lar), oftálmolog (-tyń, -y, -qa, -tar), búldozer (-diń, -i, -ge, -ler), múlftilm (-niń, -i, -ge, -der), últrasáyle (-niń, -si, -ge, -ler), fólklor (-dyń, -y, -ǵa, -lar), vólfram (-nyń, -y, -ǵa, -dar).*

Е с к е р т у. Мына сөздерде жіңішкелік белгісі ескерілмейді, қосымшалар түбірдің соңғы буынына үндесіп жалғанады: *bron (-nyń, -y, -ǵa, -dar), monastyr (-dyń, -y, -ǵa, -lar), gýash (-tyń, -y, -qa, -tar), týsh (-tyń, -y, -qa, -tar).*

Жіңішкелік белгісімен (**ь**) келген буын құрамында **e, i** әріптері бар сөздерде жіңішкелік белгісі ескерілмейді, қосымшалар түбірдің соңғы буын үндестігіне сәйкес жалғанады: *akvarel (-diń, -i, -ge, -der), stil (-diń, -i, -ge, -der), lager (-diń, -i, -ge, -ler), artıkl (-diń, -i, -ge, -der), kegl (-diń, -i, -ge, -der), premer (-diń, -i, -ge, -ler), premera (-nyń, -ǵa, -lar), relief (-tiń, -i, -ke, -ter), barelef (-tiń, -i, -ke, -ter), brakoner (-diń, -i, -ge, -ler), barer (-diń, -i, -ge, -ler), shifoner (-diń, -i, -ge, -ler), kelt (-tiń, -i, -ke, -ter), film (-niń, -i, -ge, -der), gelmint (-tiń, -i, -ke, -ter), atele (-niń, -si, -ge, -ler), relief (-tiń, -i, -ke, -ter).*

Е с к е р т у. Ономастикалық атаулар мен кейбір мағынасына нұқсан келетін сөздерде жіңішкелік белгісінің (**ь**) орнына **i** әрпі жазылады: *Pier; piesa, lie*.

e әрпінің алдында тұрған айыру белгісі (**ь**) ескерілмейді, қосымшалар соңғы буын үндесіміне сәйкес жалғанады: *sýbekt, obekt, ineksia, feldeger, adektiv*.

Шеттілдік бірқатар сөздер түпнұсқа тілдегі тұрпатына ұқсас жазылады және оларға қосымша буын үндестігіне сәйкес жалғанады: *moderator (-dyń, -y, -ǵa, -lar), marker (-diń, -i, -ge, -ler), stepler (-diń, -i, -ge, -ler), vaýcher (-diń, -i, -ge, -ler), sýpervaizer (-diń, -i, -ge, -ler), aıfon (-nyń, -y, -ǵa, -dar), banknot (-tyń, -y, -qa, -tar), bankomat (-tyń, -y, -qa, -tar), planshet (-tiń, -i, -ke, -ter), onlain (-nyń, -y, -*

ġa,-dar), oflain (-nyń,-y,-ġa,-dar), dizain (-nyń,-y,-ġa,-dar), barmen (-niń,-i,-ge,-der), biznesmen (-niń,-i,-ge,-der), resepsion (-niń,-i,-ge,-der), skrinshot (-tyń,-y,-qa,-tar), blokbaster (-diń,-i,-ge,-ler), fýrshet (-tiń,-i,-ke,-ter).

дж әріп тіркесі бар сөздерде **д** әрпі түсіріліп, қосымшалар үндестік заңы бойынша жазылады: *menejer (-diń,-i,-ge,-ler), jinsy (-nyń,-sy,-ġa,-lar), jentilmen (-niń,-i,-ge,-der).*

Е с к е р т у. **-дж** әріп тіркесінің арасынан буын жігі өтетін және сөз мағынасы өзгертін жағдайда **д** әрпі сақталып жазылады: *búdjet, lodjy.*

Сөз соңындағы қайталанған қосар әріптің біреуі түсіріледі: *klas (-tyń,-y,-qa,-tar), hol (-dyń,-y,-ġa,-dar), bal (-dyń,-y,-ġa,-dar).*

Сөз ортасындағы қайталама **сс, мм, лл, тт, фф, нн, бб, рр, пп, зз, дд, кк, уу** дыбыстарын білдіретін әріптердің бірі түсіріліп жазылады: *patison, komisar, resor, profesor, prosesor, asonans, disonans, disident; gramatika, komýna, imýnogen, imigrant, programis, mamologia, simetria, amiak, anagram, kardioqram; metalýrgia, elips, elinizm, kolej, silabýs, koloid, biliard, brýselóz, tali, kolokviým, triler, alofon, troleibýs, alúzia; kotej, atestat; efekt, efýzia, afekt, afrikat, koefisent; týnel, aneksia, anotasia, baner, tenis, konotat; abreviatýra, gibon, korespondent, popýri, spariń, korektor, korozia, presýpozisia, aparatýra, aplikasia, ipodrom, opozisia, oponent; aglútinativ, sýgestia; aditiv; akaynt, akord, akreditasia, hokei, individým.*

Е с к е р т у. Сөз мағынасы өзгертін жағдайда **сс, мм, лл, тт, нн, бб, рр, пп, дд, кк** әріптері сақталып жазылады: *esse, mass-media, massa; sammit, ballada, milligram; getto, netto; tonna, vanna; sürrealizm, irrasional, irreal; trýppa; býdda, býddism; ekker.*

-ий-мен аяқталған сөздердің соңында бір ғана **і** әрпі жазылады: *kali, alúmini, natri, kafeteri, komentari, reali.*

Шеттілдік сөздердің соңындағы **а** әрпі сөз мағынасына әсер етпеген жағдайда түсіріліп жазылады. Қосымшалар соңғы буынға үйлесіп жалғанады: *gazet (-tiń,-i,-ke,-ter), minýt (-tyń,-y,-qa,-tar), sıfr (-dyń,-y,-ġa,-lar), kordinat (-tyń,-y,-qa,-tar), kapsýl (-dyń,-y,-ġa,-dar), kardioqram (-nyń,-y,-ġa,-dar).* Бірақ *matematika, pedagogika, statistika, mehanika* болып жазылады.

Сөз аяғындағы **-ст, -сть, -зд** әріп тіркесінің соңғылары түсіріліп жазылады, қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғанады: *jýrnalis (-tiń,-i,-ke,-ter), komýnis (-tiń,-i,-ke,-ter), manifes (-tiń,-i,-ke,-ter), ensiklopedis (-tiń,-i,-ke,-ter), Everes (-tiń,-i,-ke,-ter), siez (-diń,-i,-ge,-der), vedomos (-tyń,-y,-qa,-tar), povos (-tiń,-i,-ke,-ter).*

р, һ әріптеріне аяқталған шеттілдік сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанғанда, **р, һ** ұяңданбайды: *arhetip - arhetipi, stereotip - stereotipi, ketchýp - ketchýpy, sheih - sheihy, shtrih - shtrihi.* Сондай-ақ **һ** әрпіне аяқталған сөзге қосымшалар жуан жалғанады: *seh - sehty, -qa, -tar, sheih - sheihty, -qa, -tar, shtrih - shtrihty, -qa, -tar.*

-рг, -кс, -лк, -кл әріп тіркесіне біткен сөздерге қосымшалар жіңішке жалғанады: *ocherk (-tiń,-i,-ke,-ter), lúks (-tiń,-i,-ke,-ter), polk (-tiń,-i,-ke,-ter), síkl (-diń,-i,-ge,-der), hurýrg (-tiń,-i,-ke,-ter), metalýrg (-tiń,-i,-ke,-ter).*

-кт, -ск, -нкт, -пт, -мп, -мб, -фм әріп тіркесіне бітетін сөздерге қосымша *у, і* дәнекері арқылы, ал **-кт, -ск, -нкт** сияқты құрамында *к* әрпі барларына тек жіңішке, басқаларына соңғы буын үндесіміне қарай не жуан, не жіңішке жалғанады: *faktige, faktisi; obektige, obektisi; diskige, diskisi; púnktige, púnktisi; akseptige, akseptisi; Olimpige, Olimpisi, rombyǵa, rombysy; shriftige, shriftisi.*

Сөз соңындағы **-нг** әріп тіркесі *ń* әрпімен жазылады, қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғанады: *parkıń (-niń, -ge, -i, -der), boýlıń (-niń, -ge, -i, -der), brifıń (-niń, -ge, -i, -der), reitıń (-niń, -ge, -i, -der).*

Ағылшын тіліндегі түпнұсқасында *w* әрпімен басталатын кейбір сөздер *ú* әрпімен жазылады: *úatsap, úiki, úikipedia, úeb-sait.*

-ог әріп тіркесімен аяқталатын сөздерге қосымшалар жуан жалғанады: *pedagog-tar, pedagog-у, dialog-tar, dialog-у, ekolog-tar, ekolog-у* [3].

Қазақ әліпбиіндегі әріптерді оқытуда бастауыш мектеп мұғалімдеріне ұсынымдар:

Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиіндегі әріптерді оқытуда бастауыш мектеп мұғалімдеріне төмендегідей әдіс-тәсілдер мен жаттығулар ұсынылады.

Бастауыш мектеп оқушыларына қазақ тілі фонетика элементтерінен білім мен дағды беріледі. Бұл білім мен дағды басқа да тілдік фактілермен ұштасады. Оқушылар олардың ең негізгілерін тануға талпынады. Осындай білім негіздерін меңгеруде оқушылардың ой-пікірі, білім дәрежесі мен түсініктері сатылап өрлей береді. Бастауыш мектеп оқушылары дыбыс жүйесі элементтерімен орта мектепте өтілетін фонетика материалдарына дайындық боларлықтай мөлшерде білім мен дағды алады. Бастауыш сыныптарда қазақ тілі фонетика элементтерінен оқушылар тек ең негізгі, практика жүзінде меңгеруге келетін жақтары ғана таныстырылады.

Бастауыш мектеп оқушыларына дыбыс пен әріп туралы білім мен дағды әліппе кезеңінен бастап меңгертіле бастайды. Мұғалім дыбыс пен әріпті оқушыларға меңгерту процесінде жеке дыбыстардың айтылуы мен жазылуын таныстырумен бірге ол дыбыс пен әріптердің негізгі ерекшелігі, яғни дыбысталу қасиетін де меңгертеді. Дыбыстар мен әріптерге берілген таңбаларды естиміз және көреміз. Сонымен әріптерді көреміз және жазамыз деген анықтаманың мәні мен мағынасын мысалдар арқылы дәлелдеп, оны саналы түрде меңгеру үшін көмектеседі.

Оқу жылдамдығы мен икемділігін (оқу барысында мазмұнына байланысты жылдамдықты өзгерту) дамыту үшін қолданылатын жаттығулар:

Мәтінді бірнеше рет оқу

Оқушыға мәтінді бір минут көлемінде оқу тапсырылады. Содан кейін оқушы қай жерге дейін оқығандығын белгілейді. Осы мәтінді қайта оқиды. Оқып болған соң тағы белгілейді. Осылай бірнеше рет қайталап, бастапқы оқылған мәтін нәтижесімен салыстырылады. Әрине, екінші топ бірнеше сөз көбірек оқиды, кейбіреулері 2-5 рет, ал, кейбіреулері 15 сөзге дейін көп

оқиды. Оқу жылдамдығының артуы оқушының жағымды эмоциясын туғызып, тағы да оқуға деген ынтасы артады. Алайда үш реттен көп қайталау ұсынылмайды! Қажытудан аулақ болыңыз. Жетістік жағдаятын бекітіңіз. Баланы мақтаңыз.

Оқушылар мәтінмен нақты және дұрыс, бастысы, жылдам оқумен жұмыс істейді.

Бала сөздің соңғы буынын толық айтуы қажет. Жаттығу 30 секундтан аспауы қажет.

Мәтінді және оның таныс емес бөліктерін мәнерлеп оқу.

Оқушы мәтіннің үзіндісін оқиды, содан кейін оған келесідей етіп түсіндіреміз: «Енді, мәтінді қайталап оқы, бірақ аздап баяу оқы, бірақ әдемі, мәнерлеп оқы». Оқушы мәтіннің үзіндісін соңына дейін оқиды, мұғалім оны тоқтатпайды. Содан кейін ол мәтіннің таныс емес бөлігін оқуға көшеді. Мәтіннің үзіндісін бірнеше рет оқып оқу жылдамдығын арттырып алған оқушы, мәтіннің таныс емес бөлігін де сол жоғары жылдамдықта оқи бастайды. Күнделікті осындай жаттығулар жүргізіп отырса, жоғары жылдамдықта оқу ұзақтығы арта түседі. Екі-үш аптадан кейін баланың оқу жылдамдығы жақсарып қалады.

Мақсаты – мәтінді визуалды бағдарлау дағдыларды дамыту. Ол келесідей:

Бала қолдарын тізесіне қойып «Шалма» командасымен мәтінді дауыстап оқи бастайды. «Тастау» командасы берілгенде, оқушы кітаптан басын көтеріп, көзін жұмып және бірнеше секунд демалады, қолдары тізесінде тұрады. «Шалма» командасы берілгенде оқушы көзімен мәтіндегі тоқтаған жерін іздеп тауып, ары қарай дауыстап оқи бастайды. Бұл жаттығу 5 минутқа созылуы мүмкін.

«Найзағай» – оқу жылдамдығы жеке ауқымының жоғарғы шегін арттыруға арналған жаттығу.

Оның мағынасы – оқушыға жоғары қолайлы оқу жылдамдығымен іштей оқуды және дыбыстап оқуды алмастыру. Мұғалімнің «Найзағай» командасы арқылы оқушы өзіне қолайлы жоғары жылдамдықта оқи бастайды және 2 секундтан (бастапқыда) 2 минутқа (бастапқыда) дейін созылады. Жаттығуларды әр сабақта бірнеше рет орындауға болады, қосымша ынталандырушы ретінде метроном алуға болады.

Балалар әрқашан кім жылдам оқиды деп жарысуды қалайды. Бұл жағдайда *«Спринт»* жаттығуы пайдалы.

Оқушыларға кітаптан бірдей шет тілінде жазған мәтін үзіндісін тауып алуды өтініңіз және команда бойынша бір уақытта дауыстап оқуды бастайды, кім сөзді толық дұрыстап жылдам оқиды. «Тоқта» белгісі бойынша оқушылар саусақтарымен қай жерде тоқтағандарын көрсетеді. Бұл жаттығу барысында оқушылар назар және зейіндерін шоғырландыруға дағдыланады. Өйткені қасында басқа оқушылар да оқып жатады да зейіндерін шоғырландыруға кедергі келтіреді. Оқушылар мұқият болып, сыртқы шуға көңіл аудармау керек. Ал бұл дағдыны дамыту қажет.

Оқушылардың жақсы көретін оқу түрі – рөлдерге бөлініп оқу, көптеген жағымды сезімдер туғызады. *«Радиоспектакль»* ұйымдастырыңыз.

Заманауи педагогикада мәтінді оқу және түсіну дағдысын қалыптастыру бойынша жаттығулар кешені әзірленген. Бұл жаттығулардың авторлары ресейлік педагогтар мен психологтар: Е.В.Заика, Н.В.Нечаева, Г.Н.Кудина, З.Н.Новлянская, Т.А. Ладыженская, А.Э.Симановский.

Солардың кейбіреулері:

Мәтіннің жоғары бөлігін жауып қойып оқу

Бұл жаттығуда жасырын сыр бар. Яғни, кез келген ақылды бала жоғары жолдағы сөздердің жартысы жабық тұрып оқылып жатқан кезде, келесі жолдағы сөздер толық ашық тұрады, осы уақытта жылдам оқып алып, кейін дайын жауап беруге болатындығын түсіне қояды. Көптеген балалар осы стратегияға көше қояды, бізге де керегі сол, бұл оқу жылдамдығын арттыруға көмектеседі.

Тілдерде тиімді оқудың резервтерін келесі жаттығулардан табуға болады:

1. Төңкерілген мәтінді оқу

Мәтіні бар парақ басынан аяғына дейін аударылады, яғни 180 градусқа. Баланың міндеті, көздерін оңнан солға қозғалта отырып мәтінді оқиды. Бала төңкерілген әлемге саяхат жасайды деп айтады және оған жылдам оқып үйрену керек.

Бұл жаттығу:

- баланың жадында әріптердің тұтас эталондарын қалыптастыруға;
- сөздердің соңын болжау үшін сөздердің әріптік талдауын байланыстыру қабілетін дамытуға көмектеседі.

Егер бұл жаттығу мәтінді 90 немесе 270 градусқа айналдыратын етіп өзгертілсе, онда бұл жаттығу көз қозғалысының координациясын жақсарту үшін пайдалы болады және ми сыңарларының қарақұс бөлімінде қабылданған ақпаратты өңдеудің дәлдігі үшін пайдалы болады.

2. Сөз жоқ әріптерді ауыстыру

Әріптері түсіп қалған мәтін ұсынылады (түсіп қалған әріптер саны баланың дайындығына байланысты). Түсіп қалған әріптер бос орын немесе нүктелермен белгіленеді. Түсіп қалған әріптерді толтыру оқу жылдамдығын арттыруға және бүтін сөзді іштей талдауға көмектеседі, бірінші және соңғы әріптерді бір көзбен көрнекі түрде ескере отырып, өз сөзін ескере отырып, толық сөзді жылдам оқып, ішкі талдауды жеңілдетеді.

Бұл жаттығу әріптердің болмауына байланысты аялдамалардың арқасында ауызша-логикалық жадыны дамытуға ықпал етеді, өйткені бұрын оқылғандарды есте сақтау қажет болады.

3. Мәтіннен ұсынылған сөзді табу

1-3 сөз ұсынылады, оқушылар оны жылдам мәтіннен тауып алулары қажет. Алғашында бұл сөздер көзбен көретіндей етіп беріледі, келесі жолы құлақпен еститіндей етіп ұсынылады. Сөздер мәтінде бірнеше рет

қайталанатын болса жақсы болады. Сөздерді тауып алып, оқушы олардың астын сызады немесе қоршап қояды. Бұл жаттығу сөздердің бүтін бейнесін есіне сақтап алып іздеу барысында қолдануға бағытталған. Сонымен қатар сөздік жадысын дамытады. Бір мәтіннен оқушыға әртүрлі сөздерді табуды ұсынып, оны неғұрлым жылдам іздеуді өтіну арқылы жаттығудың тиімділігін арттыруға болады.

Оқушыларға «Тығылмақ», «Жорамал сөз» ойындарын ойнау пайдалы және оларды қызықтырады.

4. «Тығылмақ» ойыны.

Жүргізуші парақтың нөмірін ғана айтып, басынан емес кез келген жерінен бастап оқиды, серіктесі тауып алады және жүргізушінің оқуына бейімделуі керек. Егер, бірнеше бала ойнаса, жүргізуші оқып тұрған абзацты бірінші тауып алған бала қуанады.

5. «Жорамал сөз». Ересек адам оқу барысында дұрыс емес сөз айтады, бала тоқтатып сөзді түзетіп оқиды. Бұндай оқу ересек адамды түзету мүмкіндігі арқылы оқушыны қызықтырады, өзінің мәртебесін көтеріп және өзіне деген сенімі артады.

Айтылым және тыңдалым дағдыларын дамытуға арналған әдіс-тәсілдер үлгісі:

- күнделікті тақырыптар аясында және таңдау тақырыбына байланысты (ойын-сауық, ғылыми және т.б.) еркін сөйлесу;

- ауызша тілдесімді түсіну, қысқаша мазмұндау және оны жалғастыру;
- ақпараттардағы негізгі ойды анықтау және оны жүйелі баяндау;
- әртүрлі мәтіндердің стильдері мен ерекшеліктерін түсіну және бағалау;
- бұқаралық ақпарат құралдарының тілін түсіну.

Оқылым дағдыларын дамытуға арналған әдіс-тәсілдер үлгісі:

- әртүрлі оқылым материалдарын (газет-журналдар, бүгінгі таңдағы мақалалар, қысқа әдеби мәтіндер, пікірталас туғызатын және белгілі бір мәселе қозғалған мақалалар, хаттар, графиктік мәтіндер т.б.) меңгеру;

- көркем шығармаларды көз жүгіртіп оқу, жалпы мазмұнын түсініп оқу, нақты және қосымша ақпаратты табу үшін оқу, ақпараттарды алу үшін оқу, автор көзқарасын табу үшін оқу.

Жазылым дағдыларын дамытуға арналған әдіс-тәсілдер үлгісі:

- сөздер мен фразаларды қолдана отырып, мақсатын, өз ойын, ақпараттарды қазақ тілінде сауатты жазу;

- көркемдегіш құралдарды пайдаланып жазу;
- әртүрлі стиль мен жанрда мәтін жазу;
- эссе жазу.

Тілдік бағдар арқылы сауаттылықты қалыптастыруға арналған әдіс-тәсілдер үлгісі:

- тыңдалым, оқылым материалдары негізінде грамматикалық бірліктерді анықтай алу;

- өз ойын жеткізуде және жазба жұмыстарында грамматикалық бірліктерді орынды қолдана білу.

Әрбір мұғалімнің басты міндеті – оқушыларға белгілі бір білім жиынтығын беру ғана емес, сонымен қатар оларда оқуға деген қызығушылықты дамыту, оқи білуге үйрету. Жақсы ойластырылған оқыту әдістерінің көмегінсіз оқу материалының игерілуін ұйымдастыру қиын.

Мектепте қолданылатын неғұрлым тиімді белсенді әдістерге:

1. Дәстүрлі сабақтың дәстүрлі емес басталуы – сабаққа эмоционалдық бетбұрыс (эпиграф, костюмделген көрініс, видеоүзінді, ребус, жұмбақ, анаграмма), мақсаттарды, күтілетін нәтижелерді, күдіктерді айқындау.

2. Проблемалық сұрақтар қою және шешу, проблемалық жағдаяттар құру. Сабақта қолданылатын проблемалық жағдаяттардың типтері: күтпеген нәрсе жағдаяты; шиеленіс жағдаяты; белгісіздік жағдаяты; болжам жағдаяты; таңдау жағдаяты.

3. Релаксацияны және қорытынды шығаруды ұйымдастыру.

4. Оқу материалының тұсаукесері – ақпараттық технологияны, электронды оқу құралдарын, интерактивті тақтаны және т.б. пайдалану.

5. Индуктивті және дедуктивті логикалық сызбаларды пайдалану.

6. Интербелсенді оқыту формаларын немесе олардың элементтерін пайдалану: «жобалар әдісі», «миға шабуыл», «пікірталас», «түрлі кейіпкерлерден сұхбат алу» жатады [5].

3 Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі емлесін оқытудың ерекшеліктері

Қазақ жазуы қалыптасқаннан бастап-ақ орфографиялық норма, емле, оны біріздендіру мәселелері әлі де жалғасып келеді. Жазуы даму үстіндегі елдің тіл саясатында орфография мәселесі әрқез өзекті. Себебі жаңа сөздер лек-легімен келіп жатқан заманда олардың жазылуындағы ерекшеліктерді, яғни қосымшаларының дұрыс жалғануын анықтап отыру қажет.

Қазақ тілінің әліпбиі мен емлесі тарихына терең үнілетін болсақ, ереженің өзгеруі екіжақты үрдіске негізделеді екен: тілдің ұлттық болмысын тұрақты сақтап қалу және қоғам талабына орай бейімдеу. Қазіргі таңда латын негізді қазақ әліпбиі бойынша емле жасауда қазақтың табиғатына тән сөйлеу ерекшелігіне сүйене отырып, бірқатар сөздердің жазылуын «Ахмет Байтұрсынұлыша таңбалауды қайта енгізу керек» деген пікірлер айтылуда. Бұдан да басқа ескеретін жайттар көп. Бүгінгі күні қоғамда емле ережелеріне бағынбаудан туындайтын жағдайлар дұрыс жазудың бірізділік қалпын сақтай алмай отыр. Мектеп баласы өз сауатын қазақ тілінде кирилл әліпбиімен ашқанымен, бүгінгі жазуымыздағы *ь, ъ, ю, я, щ, ё, ч, э* тәрізді таңбалар арқылы мәденитілдік ассимиляцияға ұшырап, айтылым мен жазылым үлгілерінде әр алуан шетелдік сөздерді игерудің тілдік тетігі тоқырап қалғаны белгілі. Сондықтан, Елбасы жаңа әліпби, біріншіден, тілдің рухына, екіншіден, заман сұранысына, үшіншіден, жаңа технологиялық өрістеуге сай айшықты әліпби болу керек деп талап қойып отыр [1].

Қазіргі таңда Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы негізінде қазақ жазуын латын графикасына көшіруді кезең-кезеңімен жүзеге асыру шаралары жүргізіліп жатыр. Осымен байланысты ең әуелі, Ұлттық комиссия жанынан құрылған орфографиялық топ мүшелері жаңа емле ережесінің жобасын даярлады. Емледе қазақ сөздерін, шеттілі сөздерін, терминдерді, бірнеше нұсқамен жазылып жүрген ескі кітаби және діни сөздерді жаңа жазуда белгілеудің ережелері көрсетілді.

Емле ережелерін жасауда бұған дейінгі қолданылып келе жатқан емле ережелерінің негізі сақталады. Алайда латын жазуына көшкен жағдайда әлі де көңіл бөлетін тұстар бар [2].

3.1 Дауысты дыбыс әріптерінің емлесі

Дауысты дыбыстарды таңбалайтын әріптер: *а, á, е, і, о, ó, и, í, у.*

Қазақ тілі орфографиясында дауысты, дауыссыз дыбыстардың жазылуының барлығы бірдей қиындық туғызбайды. Олардың көпшілігі сөздің кез келген жерінде қолданылып, өз әрпімен жазыла береді. Тәжірибеде біршама қиындық келтіргендері – дауысты *ә, ы, і* дыбыстарын таңбалайтын әріптер мен дауыссыз *х*, сонор *й, у* дыбыстарын таңбалайтын әріптердің емлесі. Қазақ тілінде ең жиі кездесетін әріп – *Қ*, одан кейін жиірек кездесетіндері – *Н, Е, Д, Р, Т*, ал ең сирек кездесетін әріптер – *Ә, Г, Ө, Ү*.

«Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері» жобасы (авторлары А.Фазылжанова, Қ.Күдерінова) бойынша **а, е, і, у** әріптері сөздердің барлық буынында жазылады: *ana, baqyt, shaǵala, balapan, bota, bolashaq; elik, egemendik, elgezek, qurmet, kórkem; yqpal, yrys,mysal, jańǵyrý, baqsy, jaqsy; irgeli, irimshik, bilim, izgilik, kishipeil, senim.*

á, o, ó, u, ú әріптері сөз басында, бірінші буында, сондай-ақ қос сөз бен біріккен сөздің соңғы сыңарының бірінші және екінші буындарында да жазылады: *ádis, álem, sán, dán, mádeniet, báiterек; ozyq, ońtaily, qoǵam, torsyq; óris, ómirsheń, kósem, bórik; utymdy, ustaz, qujat, tumar; úrdis, úkimet, júe, túbegeili; ataq-dáreje; atakásip, habar-oshar, kásiporyn; sózbe-sóz, kelissóz; el-jurt, tikushaq, qaz-úirek, aqtútek, endigári, ájeptáýir.*

Ескерту. Кейбір кірме және шеттілдік сөздердің екінші, үшінші буынында да **á, o, ó, u, ú** әріптері жазылады: *sirá, kiná, kýá, ińkár, kúmán, shúbá, zámzám, dúdámal; bulbul, maǵlumat, samuryq, májbúr, dúldúl, dástúr, manóvr, montór, parashút, absalút, festivál, kobált, banknot, skrinshot.*

Аталған ережені оқытуға байланысты төмендегідей тапсырмалар беру ұсынылады.

А, Á, О, Ó әріптерінің емлесіне қатысты тапсырмалар түрлері.

1-тапсырма. *A, Á, O, Ó áriptleriniń emlelerin eskere otyryp, sólemlerdi durys jazýyuz*

Qorapyn talai biik b...iterекti, syryp tamyrymen jygyп ketti. Jary tik, tasty jaǵa tómender, j...iraqqa ainalǵanda, arǵy qabaqta josylp jatqan ed...ýir jylqynyń jańa izderi kórinedi. At j..1 ǵana basyp júrip keledi. J...ibaraqat otyrǵan jurt dý ete tústi. Attyń ústinen tústim de, j..iaý júrmek boldym. Arqar-merinos qoiyn baǵýshy kolhozdarǵa ǵylymnyń kóp j...rdemi kerek. Onyń kúm.ndy oıyn serpiltýge tyrusty. Bul- kin.. emes, ..nshein naz. Emtihan tapsyryp, ký...lik aldym. Qaǵaz sh...idy buzyp, sh..ýgimge úysyn toltyra salyp, plitaǵa qoidy. Mańynda güldep b...isheshек, Bas idi miya aǵashy.

2-тапсырма. *Berilgen syrettegi sózderden mátin nemese ertegi qurastyry (syrettegi sózderdi latyn grafikasyмен берý usynylady)*



3-тапсырма. *Tómenдеgi sózderden sóilem qurańызdar*

Ádil adam, isker ákim, ásem án, áýlie baba, baspasóz beti, ójet jigit, ónerkásip ónimi, jáiaý ásker, ózekti másele.

4-тапсырма. *Qate jazylǵan sózderdiń durys varianttaryn jazıyńызdar*

Dúdamal, álem-jalem, zámzam, sirá, kinárát, kúnáláy, ájýáláy, marmar, mashhúr, lázzát, rásýá, kóknar, Kúlándá, Jámilá, jáilaý, tálim-tárбие, maslıhat, baiterek, áýlie, kýalik, jáiaý, shái, jaı, dimkas.

j, sh мен *ı* әріптерінің арасындағы *a* дыбысы жіңішке айтылғанымен, жазуда *a* әрпі таңбаланады: *jai, jailay, jaily, shai, shailyq, shailany* [3].

U, Ú, Y, I әріптерінің емлесі

1) U, Ú әріптері негізінен, сөздің бірінші буынында және бір буынды сөздерде жазылады: *u-jum, u-lan, ju-dyryq, ú- mit, un, ul, ún, kún, tún*.

2) Алдыңғы буындағы *o, ó, u, ú* еріндік дыбыстарының әсерімен келесі буында естілетін (айтылатын) *u, ú* дыбыстарының орнына *y, i* әріптері жазылады: *qundyz*(айтылуу-qunduz), *búgin* (айтылуу – búgún), *orun* (айтылуу- orun), *óńir* (айтылуу- óńır).

3) Мына тәрізді түбір сөздердің екінші буындарында естілуінше *u, ú* әріптері жазылады: *bulbul, baigus, mazmun, maqul, maǵlumat, májbúr, dástúr*.

Жаңа әліпби негізінде жазу барысында мұғалімдерге ең бастысы оқушы сауаттылығын арттыру. Сондықтан латын графикасында берілген ережелер мен жаттығуларды назарға алған жөн. Мәселен, латын графикасына көшу практикасында көп қиындық туғызған жайттар бұл – *u* мен *ú*; *i* мен *ı* әріптерінің таңбалануы. Аталған таңбаларды ажырату барысында едәуір қиындықтар туындап жатқаны белгілі. Осы ретте мұғалім мен білім алушы үшін басты ескеретін мәселе *u* мен *ú*; *i* мен *ı* әріптерінің таңбалануының ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі ұтымды әдіс-тәсілдерді оңтайлы пайдалану арқылы жаттығу жұмыстарын жүргізу.

Бұл ретте «Quizlet» бағдарламасын қолдана отырып практикалық түрде жұмыс жүргізуге, «*irimshik*», «*suyq*», «*ilgish*», «*tyq*», «*ish*», «*qatuyq*» сөздерін қолдану арқылы «Quizlet» бағдарламасымен төмендегідей тапсырмалар орындауға болады.

Осы ретте, 1-әдіс бойынша *i* мен *ı*, *u* мен *ú* әріптерін көп нүктенің орнына орналастыру арқылы латын графикасында дұрыс жазуды машықтандырады.

«Quizlet» бағдарламасы бойынша 2-әдіс «*Бұлттағы сөздерді*» латын графикасында берілген уақыт ішінде дұрыс жазу керек. Мұндағы мақсат оқушыны *ı* мен *i* әріптерінің ара-жігін ажырата отырып дұрыс жазуға, есте сақтауға, көз қаперінде сақтап жазуға және жылдамдыққа жазуға үйрету.

«Quizlet» бағдарламасы бойынша 3-әдіс «*Үлестірмелі карточкаларды*» қолдану. Бұл әдісте карточкада жазылған сөздерді тетікте басу арқылы бала сөздің дұрыс нұсқасын тексере алады.

«Quizlet» бағдарламасы бойынша 4-әдіс «*Тест*» тапсырмаларын орындату. Тест әдісінде сөздің дұрыс нұсқасын көрсету керек.

Тест әдісінде оқушы нұсқасы мен дұрыс жауабы интербелсенді тақтада салыстырылады.

1-тапсырма. «*Adasqan áripter*» ойны арқылы *adasqan áripterdi tez ári dál oryndaryna qoyp shyǵyńdar*

2-тапсырма. «*Kim shapshań ойны*» арқылы «*Piramida*» *qurastyryńdar*

A-A_____ Ана

A--A_____ Алма

A---A_____ Артта

A----A_____ Астана

A-----A_____ Айдында

A-----A_____ Атырауда

A-----A_____ Айдынында

A-----A_____

У, і әріптерінің емлесі

1) У, і әріптері сөздің барлық буындарында жазылады: *yqylas, ydyraý, is, kiris, kidiris*.

2) Үш буынды сөздердің ортасында дүдәмалдау естілетін қысаң у, і дыбыстарының әріптері көбінесе түсірілмей жазылады: *abyroi, qabilet, málimet, qudiret, meirim, qurylys, májilis, úzilis, úkimet*.

3) Мына сөздерде у, і сөздің ортасында жазылмайды: *baýrai, baýraý, medrese, sahna, iaǵni, májnún*.

4) Кейбір сөздердің соңғы буынындағы у, і дыбыстары сол сөздерге белгілі бір қосымшалар жалғанғанда, айтылуда да, жазуылуда да сусып түсіп қалады. Мысалы: *oryn+a-orna, buyr+yq- buuryq, jyn+a+lys- jinalys, aıyr+yq+sha- auryqsha*.

5) Соңғы буындағы у, і әріптерін түсіріп не түсірмей жазу бірқатар сөздердің мағынасын айыру үшін пайдаланады: *aýury- etistik (kóp aýuryǵa bolmas) jáne aýry – zat esim (aýrydy asqyndyrmaý kerek); umtyly- talpyny jáne umytyly- esten shyǵy*.

6) у, і дыбыстарына аяқталған сөздерге дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанғанда у, і әріптері түсіріліп жазылады. Мысалы: *alty+ aý – altaý, jeti+eý – jetey, eki +eý – ekey*.

7) У, і дыбыстарына аяқталатын етістіктерге – у жұрнағы жалғанғанда у, і әріптері түсіріліп жазылады: *oqu+y- oquý, ii+y- iıy, jibi+y- jibıy, kemi+y- kemıy*.

У, і әріптерінің жазылуына қатысты тапсырмалар түрлері

1-тапсырма. *Berilgen sózdermen, sóz tirkesterimen sóilem quryńyzdar*
Uryn kelıy, urpaq tárbiesi, aǵayn-týys, qudalasý, qurby-qurdas, tuńǵıyqqa batý, májbúr etý, tuqym-tuıaǵymen, máshhúr, muzjarǵysh keme, máńǵúrttik, oıyn-kúlki, utqyr kúshter, uryş tehnikasy, ulttyq qaýıpsizdikti saqtaý.

2-тапсырма. *Tómendegi sózderdiń durys variantyn jazıńyzdar*

Búrsúgúni, kúshúk kúıey, qudaǵıı, qunduzdy, úzúndi, utqur, ushuraý, úzúp-jaruý, úmútker, urus, umutý, ululyq, úzdúksiz, umytuý, usunus.

3-тапсырма. Berilgen sózderge qosymsha jalǵaǵannan keın, olardy emlege sai etip jazıhıydzar

Úlgi: erin+eý- erneý, baýyr+a- baýra.

Baýyr+aı, qoryq+a, qoıyn+a, saryq+yt, jalyq+aý, uly+ǵoı, kórik+em, qıyn+a, oıyn+a, jurn+aq.

3.2 Дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесі

Дауыссыз дыбыстарды таңбалайтын әріптер: *b, d, f, g, ǵ, h, ı, j, k, l, m, n, ń, p, q, r, s, t, v, ý, z, sh, ch*.

b, g, d, f, h, j, k, l, m, n, p, q, r, s, t, v, z, sh, ch және *ı*, *ý* әріптері сөздің басында, ортасында, аяғында жазылады: *bailyq, kóbelek, arab; ǵúl, kógal, pedagog; dáýlet, baǵdar, asteroid; filosofia, múftı, paragraf; hıkaıa, qahar, tarih; jospar, ereje; muqtaj; kúmis, shekpen, berik; lebiz, alash, táyekel; mángilik, qaimaq, ǵalym; namys, kóne, dastarqan; parasat, kópir, talap; qurmet, maqtanysh, bolashaq; rýh, ertegi, ómir; saıasat, kelisim, aıtys; tabıǵat, qatal, sáýlet; virýs, avtor, rezerv; zerde, bilezik, qundyz; shańyraq, búrshik, qylysh; chempion, kaýchýk, senvich; igilik, jıyn, sai; ýaqyt, áleymet, taý.*

ǵ әрпі сөз басы мен сөз ортасында ғана жазылады: *ǵarysh, aǵash, samǵa*.

ń әрпі сөз ортасы мен сөз соңында ғана жазылады: *mórtańba, eńbek, tańerteń, meń, zań*. Бірақ *ńoń* сөзінде сөз басында жазылады.

Ý, i әріптерінің қолданылуында да біраз қиындық бар. **R** дыбысынан басталатын бірқатар сөздердің басында (*r* әрпінен бұрын) **y, i** әріптері жазылады да бірқатарында жазылмайды. Бұл сөздердің саны көп емес, сондықтан сөздіктен қарап жазуға болады. Оларды ажырататын белгілердің бірі мынадай: сөз басындағы *r* дыбысынан кейін қысаң *ý, i* әріптері жазылмайды: *ras, rai, rahmet, resmi, rásim, reń, ret, rıza, ruıa, rý, ruqsat, rásýa*. Ал *r* дыбысынан кейін *ý, i* қысаң дауыстылары келсе, олар сөз басында да жазылады: *urym, uryz, uryq, iri, iritý, uryldaý* т.б.

Түбір сөздің басындағы **I (J)** дыбысынан кейін дауысты дыбыс келсе, сөз басында **y, i** әріптері жазылмайды (ілім деген сөзден басқасында); *laq, laj, las, lai, lezde, lek-lek, lep, legen, loblý, loqsý, lyq*. Бұл ережеге қарап *ilý, ilesý, ile-shala* дегендердің жазылуын шатастырмау керек: бұл сөздердің түбірі *il* болғандықтан, сөз басында да *i* әрпі сақталады [2].

Дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесіне қатысты тапсырмалар түрлері

1-тапсырма. Berilgen sózderge jaqshanyń ishindegi y, i áripterin kerek jerinde birge jazyp, kerek emes jerinde bólek jazıhıydzar

(y)ras, (i)reńdi, (i)retsiz, (i)renjú, (y)rym, (y)raqat, (i)renish, (y)ruqsat, (y)ldı, (y)lǵal, (i)lý, (i)lázzat, (y)lashyn, (y)laýlaý, (y)laqtyr, (y)laıym, (y)lańkes, (y)rym, (y)jdaqat.

Әліпбиде «*ıı-sh*» әрпінің таңбалануы мен оқылуында айырмашылық жоқ. «*Асхат*», «*Асхана*» сөздері «*Ashat*», «*Ashana*» болып таңбаланады. Алайда, оқылу кезінде әліпби бойынша «*Aııat*», «*Aııana*» болып оқылады. Бұл ретте контекске қарап сөздердің мағынасын ажырату керек.

Латын графикасы бойынша жазу кезінде оқушылардың көпшілігі «ғ» мен «ң» әріптерін таңбалаған кезде, көбінесе, «ǵ», «ǵ» әрпінің үстіндегі акутты белгілемейді.

Сондықтан «Артығын тап» және т.б. ұтымды әдістер арқылы «ǵ», «ǵ» әріптері бар мақал-мәтелдерді жазғызуға болады.

Kitap – bilim bulaǵy

Óner aldy – qyzyl til

Ónerli – órge júzer

Ónerlige – ólim joq

Ý, Iý, Ia (У, Ю, Я) әріптерінің еслесі

Ý - дифтонг дыбыстың әрпі. Ол дауысты ý және дауыссыз ý әрпін де таңбалайды, жуан сөзде де жіңішке сөзде де жазылады. Ý әрпі дауыссыз дыбыстан кейін жазылғанда, ол дауысты дыбыс болып, буын құрайды: *qý-lyq, sú-lyq, tú-ǵan, qý-an t.b.*

Ý әрпі дауысты дыбыстан кейін дауыссыз дыбыс болып табылады: *taý, jaý, taýǵúl, taýqymet, táýelsiz, táýekel, táýlik, táýir t.b.*

Етістік ý дыбысына аяқталып, оған тұйық етістіктің ý қосымшасы жалғанса, етістік қос ý әрпімен жазылады. Мысалы: *saý+y-saýú, tú+y-túú, bú+y-búú, jú+y-júú, qú+y-qúú jáne t.b.*

Iý (Ю) әрпі қосынды й+у дыбыстарын таңбалайды. Байырғы сөздерде қолданылады: *aiú, baiú, qoiú, kuú, juú, syú, tyú t.b.* Сонымен қатар басқа тілден енген сөздерде кездеседі: *iýbka, gliýkoza, veliýr, gipiýr t.b.*

Ia (Я) әрпі й+а дыбыстарының тіркесін таңбалайды. Қазақ тілінің байырғы сөздерінде *ia* әрпі жазылады: *taiaq, qoian, aiañ, quaq, surqua, shaiian, tuaq, saiası, saiasat t.b.* Орыс тілінен, орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздерде *ia* әрпі жазылады: *geologia, geometrua, iadro, iahta t.b.*

Ý, Iý, Ia әріптерінің еслесіне қатысты әдістер мен тапсырмалар

«Ia» әрпінің емлесін дұрыс жазу үшін «Саяхат әлемі» әдісін қолданған орынды. «Саяхат әдісінде» «саяхат» сөзі бар 5 сөйлем құрастыр деп тапсырма беруге болады. Мысалы, «*Eñ jaqyn adamdarmen saiahatqa shyqqan qandai keremet!*».

«Iý» әрпінің емлесін есте сақтату үшін «Қос жазба күнделігі» әдісін қолданған тиімді.

1-тапсырма. Kestedegi úlgi boyynsha erejege saúkes mysaldar keltir

Iý әрпінің емлесі	Ереже
Iýrmala, Kaiýta	Сөз басында және дауысты дыбыстан кейін <i>iý</i> әріп тіркесімен таңбаланады.
Komprúter, Parashút	Дауыссыз дыбыстан айыру белгісі (ъ) мен жіңішкелік белгісінен (ь) кейін <i>iý</i> әрпімен таңбаланады

2-тапсырма. *Berilgen sózderdiń durys variantyn jazýñyrdar*

Jyúy, adıýtant, baiandamashy, tanaúy arada, tyıar emes, zııalylyq, zııansyzdandyǵy, tyıanaqty, investıciya, muqıatsyzdyq, bie saúyú, júk jyıúy, qoldy júy kerek, jaryıalaú, basty íy, Otandy súıy.

1. Q, h, g, h, shsh, sh дыбыстарының емлесін менгертуде «Қабырғадан жазу» әдісін қолдануға болады. Бұнда балалар кирилл графикасында жазылған мәтінді оқып, есте сақтау арқылы латын графикасында дәптерлеріне жазады.

3-тапсырма. *Qabyrgada jazylǵan sózderdiń latyn álipbi boıynsha nusqasyn dápterge jaz. Sózderdiń jazylý emlesin este saqtañyz*

Ashshy, tushshy...

4-тапсырма. *Berilgen qatarlardaǵy q, h, g, h, shsh, sh dybysynyń durys jazylý tártibin eskerip, qate variantynyń ornyna durys variantyn jazýñyrdar*

Tamaqty ishshi	has batyr	jumyshshylar
bashshylyq quram	qaharly	aýyjsha suraý
sójsheń jigit	gayhar	oryshsha sóıley
ashshy taǵam	hosh iis	erteń kóshshin
keshshe adam	jihaz	buhara halyq

ı, ú әріптерінің емлесі

ı (й), **ú** (у) әріптері төл сөздерде дара дауыссыз дыбыс ретінде таңбаланады: *ai, úi, oıshyl, aú, sáykele, demeyshi, qaúyn*.

Айтылудағы **yi** (ый), **ii** (ій) дыбыс тіркестері сөздің барлық буынында **ı** әрпімен жазылады: *ıgılik, inelik, inabat, iman; kım, tın, tıyn, miras, sia, siaqty; bı, álipbi, tarıhi*.

Ескерту. Қосар **yi** (ый) әріптері тек **syi** (сый), **tyi** (тый) сөздерінде (оларға қосымша жалғанғанда да) жазылады: *syılyq, syıymdylyq, syıú; tyıym, tyıylý, tyıú*.

ıy, ii әріп тіркестеріне аяқталған етістікке көсемшенің **-ii** жұрнағы жалғанғанда, екі **ı** әрпі қатар жазылады: *bauıy, keuiı, mouıy*.

ı (и), **ú** (у) әріптері шеттілдік сөздерде дара дауысты дыбыс ретінде таңбаланады: *instıyt, kını, granıt; únıversıtet, fıtbol, resýrs*.

Айтылудағы **ıú** (ұу), **úú** (үү) дыбыс тіркестері сөздің барлық буынында **ú** әрпімен жазылады: *úyldyryq, úyz, úildeý; túys, qúyrshaq, gúıl, tintýir; oqú, sú, jazú, kelú, bary*.

Айтылудағы **ııú** (йұу), **úúú** (йүү) дыбыс тіркестері **ıú** әріп тіркесі түрінде жазылады: *bauıú, qoiú, oiú, jaiú, taiú, kúıú, túıú, kórkeıú, kóbeıú, súıú* [3].

Бірге жазылатын сөздердің емлесі

Сөздердің бірге және бөлек жазылу ережелері жайында да бірсыпыра түсініктер беру керек, себебі бұл – жазу тәжірибесінде көп қиындық тудырып келе жатқан мәселе.

Бұл күнде ғылымның сан алуан саласы қазақ тілінде оқып, жазады. Мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтардан бастап,

ғылыми еңбектерде, ғылыми-көпшілік қолданатын әдебиет пен баспасөз беттерінде жүздеген күрделі термин мен тіркестер қолданылады. Олардың көбі – интернационалдық сөздер, енді бірқатары қазақ тілінде жасалған атаулар болып келеді.

Екі түбірден құралған бір ғана зат пен ұғым атауы бірге жазылады: *jertóle, baǵdarsham, beinebaian, sýsabyñ, kereñqulaq* (өс.), *itsandyq* (өс.), *kelteshash* (өс.), *asqazan, alabuǵa, alaqorjyn (ósimdik), baspasóz, balabaqsha, birqatar, biryñǵai, bozbala, bozqyraý, demalys, densaýlyq, eñbekkún, jarqabaq, kásipodaq, kásiporyñ, qolbasshy, qoljazba, qolóner, qoltañba, óntústik, orynbasar, ónerkásip, ónertany, ónertapqysh, segizkóz, soltústik, shashtaraz, sýyqtorǵai, túetaýyq, qorǵasyn* [3].

Бірсыпыра біріккен сөздер өзгерген қалпында, айтылуынша жазылады: *búgin, byyl, jazdyǵúni, qystyǵúni, búrsigúni, kúzdigúni, belbey, qolǵap, qolǵanat, qolǵabys, qaraǵash, apary, ákely, túregely, moıynsuny* [2].

Екінші сыңары *-lyq (-lik, -dyq, -dik, -tyq, -tik)* қосымшасымен келген қоғамдық, әлеуметтік лексика, *-ar (-er)* қосымшасымен келетін әдет-ғұрып, кәде атаулары, *-lar(-ler,-dar, -der, -tar, -ter)* қосымшасымен келетін ботаникалық, зоологиялық атаулар, *-qysh (-kish, -ǵysh, -gish)* қосымшасымен келетін құрал-сайман және техника атаулары, *-ty (-ti, -dy, -di), -pa (-pe, -ba, -be, -ma, -me), -ys (-is, -s), -ǵy (-gi, -qy, -q)* қосымшасымен келетін лексикаланған тұрақты тіркестермен зат атаулары бірге жазылады: *ortaazıalyq, jerjúzilik, arampıǵyldyq, búkilálemdik, jalpyhalyqtyq, birrettik; aýyzashar, atqaminer; ashatuıaqtylar, balyqqorektiler, jalañkózdiler, aǵashkemirgishter; kespekeskish, sabynsalǵysh, órtsóndirgish; sharyabasty, nemketti, súikeısaldy; alypqashpa, baýkespe, janbaǵys, kireberis, kúñkóris; aýaqyzdyrǵy, aýasúzgi, bóroiñaq* [2].

Бірінші сыңары *ásire, bir, kóp, jalpy* сөздерімен және *avan, avia, avto, agro, anti, aero, gidro, giper, eýro, izo, intra, infra, kino, mega, mini, radio, tele, trans, ýltra, foto, elektr* шеттілдік сөздерімен, сондай-ақ *bei* қосымшасымен келген атаулар бірге жазылады: *ásiresolshyl; birjutym, birqainatym; kópmáñdi, kópmúshe; jalpyulttyq, jalpymemlekettik; avansahna, aviamektep, avtojol, agrokeshen, antidene, aeroshana, elektrsúzgi, fotosýret, gidrobeket, giperbelsendi, infraqurylym, intraqurylym, izosyzyq, kinoqondyrǵy, radiobailanys, telearna, transshekara, ýltradybys, eýrospport, megajoba, minijoba, beikúná, beihabar.*

Екінші сыңары *aralyq, qumar, jandy, taný, tanym, jai, hat, aqy, ishilik* сияқты сөздермен және *-sytmaq* қосымшасымен келген атаулар бірге жазылады: *halyqaralyq; ataqqumar; ultjandy; jaratylystaný; tiltanym; jylyjai; ashlyqhat (ashlyqhat sylyá); zeinetaqy; mekemeishilik; ákimsytmaq.* Бірақ анықтауыштық қатынас сақталған күрделі сөздер бөлек жазылады: *ashlyq hat, qyzmettik hat* [3].

Esh, ár, kei, bir, qai, qaisy, álde сөздерімен келген есімдік, сын есім, үстеулер түбір тұлғалары өзгертілмей, бірге жазылады: *eshkim; árkim; keibir; birdeñe; qaibir; áldeqalai; ártúrli.*

Е с к е р т у. *Esh, ár, kei, bir, qai, álde* сөздері зат есімдермен тіркескенде, бөлек жазылады: *esh adam; ár el; kei bala; bir jumys; qai zaman; álde shyn, áldeótirik* [3].

Бірінші сыңары *aq, qara, sary, kók, qyzyl, ala, boz* тәрізді түс атауларымен келетін ботаникалық, зоологиялық терминдер бірге жазылады: *aqıyq* (күс), *aqshabaq* (балық); *qaraqus, qaraagash* (өс.); *saryandyz* (өс.), *sarygúl; kókqutan* (күс), *kókbasshóp* (өс.); *qyzylqasqyr* (аң), *qyzylbidai; alabuğa* (балық), *alabulbul* (күс); *bozbetege* (өс.), *boztorğai*. Үш құрамнан тұратын ботаникалық, зоологиялық атаулардың алдыңғы екі сыңары бірігіп жазылады: *aqbas sıyr, aqkóttorğai*.

Лексикалық мағынасынан ажыраған *qoi, sıyr, túie, bota, qozy, at, qoian, aiú, bóri, qasqyr, it* немесе *qum, sý, bal, ý, sor* сөздерімен тіркескен ботаникалық, зоологиялық атаулар бірге жазылады: *qoiýsan* (өс.), *sıyrjońyshqa* (өс.), *botabúrgen* (өс.), *qozygúl* (өс.), *atqulaq* (өс.), *qoiansúiek* (өс.), *aiýbaldyrған* (өс.), *aiýbadam* (өс.), *bóriqaraqat* (өс.), *qasqyrjem* (өс.), *itbúldirgen* (өс.), *qumberish* (өс.), *sýbetege* (өс.), *balqarağai* (өс.), *ýkekire, ýbidaiyq* (өс.), *sorqańbaq* (өс.).

Ескерту. *Aq, qara, qyzyl, qońyr, sur, shubar* сөздері аң-күс, өсімдік түсін айыру үшін қолданылатын болса, бөлек жазылады: *aq alabota, qara qarğa, sur jylan, shubarbaqa* [3].

Екінші сыңары *shóp, gúl, tiken, japyraq, tamyр, qus, balyq, qurt, jidek, jemis, qat* сияқты жалпы атау болып келетін ботаникалық атаулар бірге жазылады: *emenshóp, qońyraýshóp; kúmesgúl, qaltagúl; sortiken, shağyrtiken; túmejapyraq, sútjapyraq; altyntamyр, beltamyр; totyqus, kókqus; taraqbalyq, qylyshbalyq; qaraqurt, bósirqurt; qyzyljidek, itjidek; tamyрjemis, torjemis; qaraqat, qyzylqat* [3].

Лексикаланған фразеологизмдер және олардың қосымшалы түрлері бірге жазылады: *aqsaqal, aqsúiek, aqniет, aqniettik, aqkóńil, aqkóńildilik; kóshbasshy, dúmeqońyzdaný, erjúrek, erjúrektik, janpida, janpidalyq, ataqonys; basqosý, atsalysý, atústi*.

Сондай-ақ, биология, зоология өсімдік, аң-күс, жан-жануар, құрт-құмырсқа атаулары және солардың құрылысына, ағзасына қатысты бөлшек не тұтастық атаулары екі түбір арқылы білдірілсе, оларды біріккен сөз ретінде тану қажет. Мысалы, *gúltaban, tozańqap, burshaqqyn, sútqorektiler* деген сөздер – өсімдіктер мен жан-жануарлар терминдері болып саналатын жануарлардың өздерінің атаулары емес, олардың құрылысы мен топтарының терминдік аттары.

Өсімдіктер мен жан-жануарлар әлемінде *aq, qara, sary, boz, teńbil* сияқты сын есімдермен келген бір ғана өсімдік түрінің немесе бір ғана аң-күстың, жәндіктің т.б. атаулары жиі кездеседі. Бұлардың қосылып не бірге жазылуында да қиындықтар ұшырасып жүр. Олардың бірге де, бөлек те жазылатын заңдылықтары бар. Түсті, қасиетті білдіретін сөздердің жеке өзі белгілі бір аңның, өсімдіктің, жәндіктің, құстың тұқымын айырып көрсету үшін қолданылса, олар бөлек жазылады. Мысалы, *aq aiú, qara aiú, qońyr aiú*

дегендердегі аңның аты – аю, оның алдындағы сын есімдер аюдың түрлерін айырып айтады, сондықтан бөлек жазылады.

Ал кейбір атауларда түсті, қасиетті білдіретін сын есімдер немесе солармен тіркесетін негізгі сөздер өздерінің лексикалық негізгі мағынасынан айырылып, екеуі бірігіп, бір ғана аңның, құстың, өсімдіктің т.б. жалпы атауын білдіреді. Мысалы, *aqbaýyr* (құс), *aqqairan* (балық), *aqsary* (құс) дегендердегі ақ сын есімі өзі тіркескен сөзімен бірге жазылады, өйткені бұл жердегі балық, құстардың атаулары *baýyr*, *qairan*, *sary* емес, бұл сөздер ақ сөзімен бірігіп барып қана жалпы атау болып тұр. Демек, мұндағы ақ сөзі де тек қана түсті білдіріп, айырымдық қызмет атқарып тұрған жоқ, сондықтан бұлар бірге жазылады.

Биология ғылымына жататын терминдер, яғни аң-құс, жан-жануар, өсімдік, ағаш, құрт-құмырсқа атаулары және осы салаға қатысты өзге де терминдік сөздер: *alabota*, *káriqyz*, *alaqorjyn* (өсімдік аттары), *qyruqaiaq*, *buzauýbas*, *qaraqurt* (жәндіктер), *aqıyq*, *biztumsyq*, *birqazan*, *ógizshaǵala* (*qus attary*), *gúltaban*, *burshaqqyn*, *tozañqap* (ботаника терминдері).

Химия, геология, металлургия салаларына қатысты терминдердің бірқатары біріктіріліп жазылады: *ottek* (*ottegi*), *sýtek* (*sýtegi*), *qostotyq*, *temirtas* (*jelezniak*), *taskómir*.

Астрономия саласына қатысты терминдік сөздер екі түбірден жасалса, біріктіріліп жазылады: *kókjiek*, *kempirqosaq*, *ońústik*, *soltústik*, *shoqjulydyz*. Бұл топқа жұлдыздардың, шоқжұлдыздардың аттары да жатады: *Temirqazyq*, *Jetiqaraqshy*, *Aqbozat*, *Esekqyrǵan*, *Úsharqar*, *Qusjoly*.

Топонимикалық атаулар, яғни жер-су аттары. Бұлар, негізінен, түбір тұлғалары сақталып жазылады: *Aqtóbe*, *Aqjar*, *Alataý*, *Jezqazǵan*, *Taldyqorǵan*, *Qyzylorda*, *Syrdaria*, *Baianauýyl*, *Ulytaý*, *Qarataý*, *Jamanshubar*, *Eńbekshiqazaq*. Кейбір жер аттары үш сөзден жасалады да, үшеуі де бірігіп жазылады: *Ekibastuz*, *Qyzyljarqudyq*, *Aqdalasor*, *Aqtúesai*, *Alqakólqum*, *Aqbasatan*.

Қазақша кісі аттары мен ру-тайпа және бірен-саран халық аттары. Бұлардың да көпшілігі, негізінен, түбір тұлғалары сақталып, бірге жазылады: *Aqbópe*, *Aqmaral*, *Gúljámıla*, *Ǵaluabauý*, *Jaqypbek*, *Janbota*, *qarakerei*, *jetirý*, *qaraqalpaq*, *qaraqypshaq*. Бірқатар кісі аттары дыбысталуы жағынан өзгерген күйінде жазылады: *Amangeldi*, *Jangeldi*, *Nurgeldi*, *Qaragóz*, *Botagóz*, *Aıǵyz*, *Aıgerim*, *Janǵozy*, *Telǵoja*, *Dámetken*, *Ulbosyn*, *Aıǵanym*.

Екінші сыңары *aralyq*, *tauy*, *symaq*, *qumar*, *jai*, *-hana*, *aqy*, *-nama*, *hat*, *tas*, *bas* болып келген тіркестер бір ғана заттың атын білдіріп (көбінесе термин болып) тұрса, біріктіріліп жазылады: *halyqaralyq*, *aydanaralyq*; *qogamtany*, *shygystanuy*, *abaitany*; *sheshensymaq*; *ashana*, *qushana*, *tolhana*, *perzenthana*; *saparnama*, *omirnama*, *garyshnama*; *shaiqumar*, *anqumar*; *jalaqy*, *qalamaqy* [2].

Біріккен сөздерді латын графикасына негіздеп жазуға арналған тапсырмалар түрлері

1-тапсырма. *Tómendegi sýrettermen toptyq jumys júrgizip, posterqorǵañdar. Sýretterge qarap, birge jazylatyn sózderdi taýyp, sóilemder qurap jazýñdar. Mysaly: aqqý...*



Бөлек жазылатын сөздердің емлесі

Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері бөлек жазылады: *altynsaǵat, kizúı, jelarqan, botakóz, qarashai, atqora, bassúiek.*

Күрделі сан есімдердің әрбір сыңары бөлек жазылады: *on bir, on birinshi, onsegiz million, jyrma segiz, júz on jeti, eki júz jetpis tórt, bir myñ toǵyz júz elý úsh, tórt milliard, jyrma úsh bútin onnan bir.*

Күрделі сын есімдердің әрбір сыңары бөлек жазылады: *alqyzyl, qoñyr ala, qyzǵylt sary, qara ala, kók ala, qara kók, aq sur, qula qasqa, qula jiren, tory tóbel.*

Күрделі етістіктердің, есім және еліктеуіш сөздермен тіркескен құрама етістіктердің әрбір сыңары бөлек жазылады: *baryp keldi, kele jatyr, jaza ber, kiip júre ber, júgire jóneldi, bara almady, bara almaı qalyp edi, jyǵylyp qala jazdady; qyzmet etý, jumys jasaý, mán berý, qol shapalaqtaý; shap etý, dý ete túsy, baj etý, lap qoiý [3].*

Екі (кейде одан да көп) сөз қатар айтылып, бір ғана ұғымды білдіретін, яғни бір ғана затты, құбылысты, қимылды, түр-түсті, санды атайтын күрделі сөздердің әр компоненті бөлек жазылады.

Екі зат есім қатар айтылып, бір ғана затты атап, алдыңғысы соңғысының тегін (неден жасалғанын), неге арналғанын, немен жұмыс істейтінін және өзгелерінен ажыратылатын белгілерін білдірсе, олар бір-бірінен бөлек жазылады. Мысалы: *aǵash shot (aǵashtan jasalǵan shot), at qora (atqa arnalǵan qora), jel diirmen (jelmen jumys isteitin diirmen), jol azyq (jolda jeýge arnalǵan azyq), mai sham (maimen janatyn sham), shai qasyq (shai ishkende jumsalatyn qasyq), kir sabyn (kir jyýǵa arnalǵan sabyn), at arba (at jegiletin arba), sary mai (sary tústi mai), bet oramal (bet súrtýge arnalǵan oramal), т.б.*

Бұлардың қатарына екінші компоненті *baý, aıyl, jip, sap, kım, qalta, mai, qaǵaz, aǵash* («өсімдік» деген мағынада емес, зат, бұйым жасайтын материал

мағынасында) сияқты зат есімдер мен олардың түрлерін (яғни сол зат атап тұрған заттың түрлерін) айырып атайтын сапалық не қатыстық сынды білдіретін есім сөздер жатады. Мысалы, *baý* сөзімен келетін: *aiaq baý, balaq baý, jel baý, qarǵy baý, qarmaq baý, tamaq baý* деген күрделі сөздердің барлығында да алдыңғы компонент баудың түрлерін атайды (бұл қатарға *shashbaý, belbeý* сөздері кірмейді, олар – кірігіп барып, бірігіп кеткен сөздер, оларды солайша жазу дәстүрге айналған).

Хат сөзі жалпы «жазылған дүние» мағынасында келіп, алдыңғы сөз сол жазылғанның сипатын білдіріп тұрса, бөлек жазылады: *túsinik hat, ashuq hat, jabyq hat, tapsyrys hat*. Екінші компоненті *qaǵaz* сөзі болып келген күрделі атаулардың алдыңғы сөздері қағаздың сапалық не қатыстық сынын білдіретін анықтауыштар болып келеді: *vatmen qaǵaz, kóshirme qaǵaz, qatyrma qaǵaz*. Аталған жағдайда *qaǵaz* сөзімен келген тіркестердің әр сөзі бөлек жазылады.

Адам, мал, айуан ағзасы мүшелерінің атауларын білдіретін екі зат есімнен құралған күрделі сөздердің әрбір компоненті бөлек жазылады. Олардың соңғы компоненті көбінесе жалпы атау (*súiek, jilik, qol, tis, kóz, jaq, omyrtqa, bet, et, tamyр, т.б.*) болады да алдыңғы компоненті соларды анықтап, ажыратып тұрады: *asyq jilik, toqpan jilik, ortan jilik; bel omyrtqa, moyun omyrtqa; ortan qol, suq qol; kúre tamyр, jelke tamyр, qan tamyр; kúrek tis, aqyl tis, azý tis, sút tis, it tis, bas súiek, tós súiek, jaq súiek, tóbe súiek, bet súiek; kók jelke, qyr jelke, oi jelke; san et, qol et, qara et, qyzyl et, surpy et, т.т.*

Жеке тұрып сол тіркестегі беретін мағынасында қолданылмайтын *qaq* (тіркестегі мағынасы «екі» және «дәл»), *qara* (тіркестердегі мағыналары «үлкен», «жай, күрделі емес, қарапайым», т.б.), *qas* (тіркестегі мағынасы «нағыз»), *qyr* («артқы, соң»), *tas* (тіркес құрамындағы мағынасы «дәл», «тура») сияқты сөздермен келген тіркестердің әрбір компоненті бөлек жазылады: *qaq айурылы, qaq aldy, qaq basy, qaq bastan (salyр qaldy), qaq bóly, qaq jarý, qaq mańdai, qaq sheke, qaq tósi, qaq tilý, qara jaiay, qara jol, qara jel, qara halyq, qara nópir, qas batyr, qas mańǵaz, qas sulý (qasa sulý), qyr jelke, qyr sońynan, tas tóbe, tas jetim, tas baýyr, tas keren, tas qarańgy*.

Бұл қатарға *qyrkúiek, qaqbas, qaskúnem, qaskóı, qasqaldaq, saratan (ai), saraýry, sarshunaq, sarsý* (ауру) тәзірді бірге жазылатын сөздер жатпайды. Бұлар аң-құс, жан-жануар, жәндік, ауру-індет т.б. атаулары болғандықтан, бір сөз ретінде танылады.

Есімдер мен етістіктерден араласып құралған, бір мағына беретін тіркестердің әрбір сөзі бөлек жазылады: *jumys isteý, qyzmet etý, járdem berý, qol shapalaqtaý, at qoiý, egin orý, jer qazý, jer ólshey, is júrgizý*. Мұндай тіркестердің соңғы компонентіне жұрнақтар жалғанып, туынды сөз жасалған күнде де әр сөз бөлек-бөлек жазылады: *qyzmet etýshi, járdem bergish, at qoiýshy, egin orýshy, jer qazýshy, sóz jasaýshy, is júrgizýshi*.

Идиомалық, фразалық тіркестердегі әрбір сөз бөлек жазылады: *qas batyr, baǵy jandy, iek artty, bas tartty, bet burdy, qol jalǵady, qol ushyn berdi, iin tires, qyrǵı qabaq*. Бірақ атау сөздің орнына жүретін лексикаланған тіркестер бірге жазылады: *basqosý, atsalysý, aqkónil, aqsaqal, aqsúiek*. Әдетте мұндай

тіркестер бір ғана ұғымды білдіреді, сондықтан олардың екі сөзден тұратындары біріккен сөздерге ұқсап, жазуда көп қиындық келтіреді. Терминдік мәнге ие болып, біріккен сөз дәрежесіне көтерілген бірқатар тұлғалардың о баста идиома мен фраза болғандығы да (мысалы: *kelissóz, kózzqaras, aqsaaqal, atqaminer*, т.с.с) бұл қиындықты күшейте түседі. Дегенмен идиома мен фразалық тіркес компоненттерінің бөлек жазылатындығын негізгі қағида деп ұғыну қажет. Бұлар есім мағыналы да, етістік мағыналы да болып келеді. Мысалы, есімдер: *kók ezý, sóz buida, ógiz aiañ, aram oi, aram oily, aq kónil, aq kónildi, qara niet, qara nietti, qara niетtilik, asqar tay, shalqar kól, bie saýym (ýaqyt), et asym (ýaqyt), qozy kósh (jer), tis qaqqan (bala)*. Етістік мәнді фразеологизмдер: *til qatý, til alý, tilge kely, tilin tartý, til óty, til shiratý, bas uy, bas kóterý, bas salý, bas saýgalay, bas tartý, bas qatyry, bas qorǵay, bas qosý, bas quray, bel baulay, boi bermey, boi tasalay, boi urý, jan ushyry, jan quy, jany ashý, qol jetý, qol qoiy, qol baulay, qol úzy, at qoiy* («шабуылға шығу» мағынасында), *at salysý, jek kory* т.б.

Етістік мәнді фразалық тіркестерден жұрнақтар жалғанып жасалған туынды сөз тіркестердің де әр компоненті бөлек жазылады: *til alý-til alǵysh (bala), bas kóterý – bir údiñ bas kótergen úlkeni, bas qatyry – bas qatyryshylyq, boi urý – boi urǵysh, jan quy – jan quarlyq (is), jany ashý – jany ashýǵysh, qol jetý – qol jetken (tabystar), qol baulay, qol úzbeý – qol úzbei (kómektesý), jek kory – jek kórinishti, jek koryshilik, júz tanys - júz tanystyq, salqyn qandy - salqyn qandylyq, bir sózdi – bir sózdilik*.

Qyz, er, sal, batyr, balýan, sulý, bi, qoja тәрізді тұрақты эпитеттер өздеріне қатысты жалқы есімдерден бөлек жазылады. Олар жалқы есімдердің алдынан да, соңынан да келе береді. Алдынан келгенде, эпитеттер бас әріппен, ал соңынан келгенде кіші әріппен жазылады: *Qyz Jibek, Er Tarǵyn, Balýan Sholaq, Er Tólegen, Batyr Málik, Tentek Oiaz, Kishkene Molda* (соңғы екеуі Мұхтар Әуезовтің «Абай» романынан), *Jaiay Musa, Birjan sal, Aqan seri, Qambar batyr, Baian sulý, Jirenshe sheshen, Aiaz bi, Igilik bi, Kúreñkóz qoja* (соңғы екеуі F.Мүсіреповтің «Оянған өлке» романынан).

Ғылымның әр алуан саласына жататын күрделі терминдердің компоненттері бөлек жазылады. Ол күрделі атаулар бірнеше тәсілмен жасалады:

1. тәуелдік жалғаулы сөзбен келеді: *kómir qyshqyly, til bilimi, oqý orny, mal sharyashylyǵy* (животноводство), *ayyl sharyashylyǵy, alma aǵashy*;

2. етістікті тіркес болып келеді. Мысалы: *dayys berý, jer aydarý, shaǵym berý (zañ termini), tylym salý*;

3. анықтаушты тіркес болып келеді. Мысалы: *ózara áser* (философия термині), *jek adam* (личность), *járдем aqsha* (пособие).

Екі-үш сөзден тұратын күрделі анықтауыштар ғылымдық термин болмай, яғни түрді, тұқымды, сортты білдірмей, жай суреттеме атау үшін қолданылған болса, олардың әр сөзі бөлек-бөлек жазылады. Мысалы: *aq shandyр bie, at arqa at, bas asaý jylqy, iir órkesh túe, qara qaiys túe, sary aiaq marqa, aq ala moiyn kepter, uzyn siraq átesh*.

Электр сөзімен келген тіркестер кейде **o** дәнекерінсіз келеді де осы сөзбен келген тіркес күрделі сөз ретінде танылып, электр сөзі бөлек жазылады: *elektr agregat, elektr baraban*. Ал тәуелдік жалғаулы сөзбен тіркескенде, электр сөзінің бөлек жазылатыны белгілі: *elektr qyaty, elektr stansysy*.

Шылаулар әрдайым бөлек жазылады және одан кейін не бұрын үтір қойылмайды (қыстырма сөз сияқты тілдік бірліктер қатыспаған жағдайда) [2].

Толық мағыналы сөзбен тіркескен *saiyn, keiin, buryn, deiin, sheiin, men, ben, pen, qoi, goi, da, de, ta, te, ma, me, ba, be, pa, pe, she* шылаулары бөлек жазылады: *jyl saiyn, ai saiyn; sabaqtan keiin; budan buryn; jinalysqa deiin; túske sheiin; qalam men qaǵaz, kitap pen dápter; kerek qoi, kóre goi; ol da, men de; halyq ta, úkimet te; Bar ma? Sóilei me? Suraq pa? Kóp pe? Az ba? Kem be? Sen she?*

Ескерту. Ma (me, ba, be, pa, pe) сұраулық шылауы түбір сөз бен қосымша арасында қолданылғанда my (mi, by, bi, py, pi) болып өзгерген қалпында бірігіп жазылады: Baramysyń? Kelemisiń? Sultanbysyń? Tólenbisiń? Qazaqpusyń? Ózbekpisiń?

da, de, ta, te шылаулы тіркестерімен келген күрделі сөздер бөлек жазылады: *ý da shy, as ta tók, ur da jyq, qara da tur, kir de shyq*. Бірақ *-tyq, -tik* қосымшасымен келгенде бірге жазылады: *urdajyqtyq, astatóktik*.

Негізгі сөзге тіркескен *aldy, arty, asty, ústi, mańy, jany, ishi, syrty, basy, tusy, sheti, boiy* сияқты көмекші есімдер бөлек жазылады: *esik aldy, úi arty, kópir asty, qala mańy, bazar jany, aýla ishi, qora syrty, qystyń basy, júrek tusy, aýyl sheti, ózen boiy, tula boiy*.

Ескерту. Aldy, arty, asty, ústi көмекші есімдерімен келіп, атаулық мағынаға ие болған сөздер бірге жазылады: *sailaýaldy naýqan, mektepaldy top, tilarty dybysy, sózaldy syńary, tisarty daýyssyzy, jerústi jumystary, jerasty sýlary* [3].

Бірге және бөлек жазылатын сөздердің емлесін оқытуда төмендегідей тапсырмалар беру ұсынылады:

1-тапсырма. Berilgen sózderdi emlege sai jazyhýzdar

Ақ тóбе, Taldy qorǵan, Qyzyl orda, Sary ózek, Baıan aýyl, Uly taý, Eki bastuz, Qara taý, Eńbekshi qazaq, Qyzyl jarqudyq, Alqa kólqum, Aq túiesai, jazdy gúni, radio miting, búrsi gúni, aldyńgy gúni, aqqý, óner kásip, kásip oryn, eńbek kún, belbeý, oń tústik, baspa sóz, shet el, shek ara, jal aqy, baý kespe, balyqkóz, kók qutan, qolǵabys, Syr darıa, buzaý bas.

2-тапсырма. Berilgen sózderdegi birge jáne bólek jazylý emlesine sai terip jazyhýzdar

Bei baq, ár kim, ár yaqyt, qıraq shóp, túie taban, tas baýyr, it muryn, boz torǵai, boz shubar, boı jetken, qos aıaq, shań sorǵysh, avto tirkes, avto tieýish, ýltra kúlgın, halyq aralyq, tabıǵat taný, ánshe symaq, avto drom, radio qabyldaǵysh, radio áyesqoi, qol oramal, temir tas, eskek tumsyq, qaz júa, qol shana, ala shubar, ala jylan, ala jazdaı, ala bóten, aq júrek, japa tarmaǵai.

3-тапсырма. Berilgen sólemlerdegi jaqsha ishindegi sózderdiń bólek, birge jazylý emlesine sai jazýhýzdar

Aıdyń (el arasy) edi. Sybyzgyshyda (ish qustalyq) bolmaıdy, shyraq, (ish pysý) bolady. (Atqa minermen) ashıq aıtylýǵa dármen joq. Dármen degen birdemesi..... (óleń symaq) shyǵarypty. Keı tilmash, (at shabarlar) da sol jaıdy dabyrlap aıtysyp qoıady. (Bir tutas) ekonomıkalyq aımaq qurý týraly sheshim qarastyryldy. (Baspa sóz) isi birneshe býynnan turady. Dostyq úinde ótkizilmekshi («dóngelek ústelde») (bas qosatyn) Qazaqstan men Mongóliıa (kásip kerleriniń) tikelei bailanysy da osy maqsatqa qyzmet etetin bolady. Ásirese, (óz ara) paidaly ekonomıkalyq (yntymaq tastyqty) barynsha tereńdete túsýge erekshe nazar aıdarylatyn boldy. Qazaqstandyq resmı delegaciıa aldaǵy shilde aıynyń orta sheninde (is saparmen) Orynbor qalasyna barady dep kútilýde. Búgin (úkimet aralyq) komissııanyń sońǵy májilisi ótkizilip, (eki kúndik) jumystyń qorytyndysy shyǵaryldy.

4-тапсырма. Berilgen sóz tirkesterin birge jáne bólek jazylý emlesine sai jazyp, sólemler qurańyzdar

Beketaı qum, “Jez kiik” kúıi, kúı tabaq ún taspasy, kórkem óner mura jaıy, halyq aralyq kelis sóz, Sary arqa jeri, Qazaqstannyń shek arasy, týǵan jer- ata mekenim, áyes qoi sportshylar, konstitúciıalyq zań, El basy Jarlyǵy.

5-тапсырма. Berilgen turaqty sóz tirkesterin birge ja bólek jazylý erejesin saqtai otyryp jazyp, maǵynasyn túsindirinizder

Ar kimniń qoly óz aızyna jaqyn; bireýge malqaiǵy, bireýge janqaiǵy; ózinózi ustaı; aıaǵyna tusaı tústi; uzynarqan, keń tusaı; atyshýly adam; ataǵy jerjarı; atyturmaq, zatyjoq; bararjer, basar taıy joq; barar jeriń– Balqantaı; el qulaǵy túrildi; elbaqty; iizsýyp ketti;

Дефиспен және дефиссіз жазылатын сөздердің емлесі

Қос сөздер дефис (-) арқылы жазылады. Қайталама қос сөздер дефис арқылы жазылады: *lek-lek, alıan-alıan, júre-júre, kóre-kóre, sólei-sólei, biik-biik, kóp-kóp, taı-taı, pah-pah, áykim-áykim.*

Сыңарлары өзара мағыналас және қарама-қарсы болатын, сондай-ақ сыңарларының мағынасы көмескіленген қос сөздер дефис арқылы жазылады: *syı-qurmet, úgit-nasıhat, oi-óris, ydys-aiıaq, telegei-teńiz, salt-dástúr, er-toqym, el-jurt, jer- jahan, kúsh-qairat, ońtústik-shyǵys, júrek-tamyr syrqaty, shtrih-kod, emdik-saıyqtyrý, oqý-jattyǵý, ákimshil-qysymshyl; úlken-kishi, kári-jas, alys-jaqyn, ashshy-tyshshy, alys-beris, joǵary-tómen, kóshi-qon, aıty-aitpady, kirer-kirmesten, kelimdi-ketimdi, kári- qurtań, kólek-kónshek, et-met.*

Қосарланған болжалдық сан есімдер дефиспен жазылады: *bir-eki, alty-jeti, úsh-tórt, otyz-qyryq, altaı-jeteı, bireı-ekeı.*

Еліктеуіш, бейнелеуіш мәнді қос сөздер дефис арқылы жазылады: *jalt-jult, satyr-sutyр, qalt-qult, shaqyr-shuqyr, shart-shurt, sart-surt, sart-sart, tars-turs, tars-tars.*

Грамматикалық тұлғалармен келген қос сөздер дефис арқылы жазылады: *týradan-týra, joǵy-joq, qoldy-qolyna, ózinen-ózi, qaraptan-qarap, bardy-joqty,*

azdy-kópti, tekten-tekke, teginnen-tegin, qolma-qol, betpe-bet, kózbe-kóz, jolma-jol, bilep-tóstep, sharshap-shaldyǵyp, kórgen-túigen, júyp-shatyp, qyryp-joiyp, jylap-eńirep, ósip-ónip [3].

Дефис қоюда қайталама қос сөз бен тіркесті шатастырмау керек. Қос сөз тұтастай бір ғана сөйлем мүшесі болады. Ал тіркестің әр сыңары сөйлем мүшесі бола алады. Сондықтан қайталама қос сөзде дефис қойылады, ал тіркеске дефис қоюдың қажеті жоқ: *bir-birimen – birimen biri, bir-birinen – birinen biri, bir-birine – birine biri, bir-birin – birin biri, óz-ózin – ózin ózi*.

Алдыңғы сөзге III жақ тәуелдік жалғауы жалғанып, бір сөздің қайталануынан жасалған *attysy atty, jaiayú jaiayú, bary bar, joǵy joq, biri bir, ekisi eki* сияқты тіркестерге де дефис қойылмайды.

Қатарласа қолданылған мағыналас сөздердің бірқатары дефиссіз, бөлек жазылады: *ejelgi eski, qur bosqa, qur tekke, aqyr aiaǵynda, sáske tús, áyel bastan, shynaiy taza* (синонимдес сөздер).

Екі компоненті бір-бірімен мағыналас *ala-bóle, basa-kóktep, júyp-shatyp, ósip-ónú, qyryp-joiú, kekep-mineú, jylap-eńireú* сияқты етістіктер де плеонастық қатарлар түзіп, дефис арқылы жазылады. Бұлардың екінші сыңары әр түрлі тұлғада өзгеріп отыруы мүмкін. Ондай жағдайда да дефиспен жазыла береді: *júyp-shatyp, júyp-shaidy, ósip-óndi, ósip-óne bermek, ósip-óndi*. Ал тұлғасы жағынан осыларға ұқсас, бірақ біреуі негізгі, екіншісі көмекші етістік болып келетін (яғни тең мағыналас емес) *aita sala, kele sala, kóre sala, esti sala, kóre tura, bile tura, esti tura, sóite tura, kire bere, túse bere, ala bere* сияқты етістіктер бір-бірінен бөлек жазылады.

Қос сөз немесе плеоназм типтес құрылымдардың әр компоненті бірнеше сөзден тұрса, олар үтір арқылы немесе ешқандай тыныс белгісі қойылмай жазылады (соңғы жағдай араларында мен жалғаулығы бар жерде болады): *ún joq, tún joq (al únsiz-túnsiz), ái der aja, qoi der qoja joq; bir syrly, segiz qyrly; apy kirip, kúpi shyǵyp; alty alasy, bes beresi; úlde men búldege oranǵan; kún demei, tún demei (al kúni-túni, kún-tún demei), az bolsyn, kóp bolsyn (al azdy-kópti), erte bolsyn, kesh bolsyn (al erteli-kesh); o jaq, bu jaǵy, o sheti men bu sheti* [2].

Реттік сан есімдер цифрмен жазылса, өзіне қатысты араларына дефис қойылады: *7-synyp (jetinshi synyp), 15-ú (on besinshi ú)*. Кейде реттік сан есім жасайтын – *ynshy /- inshi* жұрнақтары көрсетіліп жазылуы мүмкін, ол күнде де дефис сақталады: *7-nshi synyp, 15-inshi ú*. Айды, жылды көрсететін цифр мен ай атын білдіретін сөз және жылы деген сөздердің арасына дефис қойылады: *8-naýryz, 1-qazan, 1987-jyl*. Осы уақытқа дейін орыс тілінің үлгісімен жыл, ай аттарында дефис қойылмай келді. Алайда бұл реттік сан есімдер мен есептік сан есімдерді ажыратуда елеулі қиындық тудырады. *2000 jyldan beri nemese 2000-jyldan beri* деген тіркестердің мағынасы екі бөлек. Әсіресе тарихшылар үшін бұл өте маңызды.

Араб цифрымен берілген санға қосымша дефис арқылы жалғанады және түсірілген *-ynshy (-inshi), -nshy (-nshi)* қосымшасының орнына дефис қойылады, ал рим цифрымен берілсе, дефис қойылмайды: *6-ǵa, 100-ge deuin, 10-15-ten; 2018-jyl, 5-sanat, 3-kireberis, 10-qazan, 2-aqpan, 136-bap, 1-ú, 9-*

páter, XXI ғасыр, III том, IV тарау. Бірақ № шартты белгісімен тіркесетін араб цифрлы сан есімдер дефис арқылы ажыратылмайды: *№82 мектеп, директорын №5 бұрығы, №107қаулы, №17кiris* [2].

Цифрға тіркелетін % (пайыз), °C (Цельсий) таңбаларынан кейін жалғанатын қосымшалар дефис арқылы жазылады: *50%-ға, 10°C-den төмен.*

Күшейткіш буынмен келетін сөздер дефиспен жазылады: *ар-ануқ, құр-қузыл, сар-сары, жар-жақсы, сұр-сүкімді, қуба- құр.* Бірақ *арпақ, көкпеңбек* болып жазылады.

Ұеб, екс сөзалды сыңарларымен келетін сөздер дефис арқылы жазылады: *ұеб-браузер, ұеб-дизайн, ұеб-интерфейс, ұеб-сайт; екс-әкім, екс-мүше.*

-ақ, -аі, -ау, -ды, -ді, -мыс, -міс, -тін, -туғын шылаулары өздерінен бұрынғы сөздерден дефис (-) арқылы бөлініп жазылады: *сен-ақ, шамалы-ақ, келмеіді-ау, әдемисін-аі, айтқан-ды, барыпты-мыс, келіпті-міс, көретін-ді; ерек-тін, бар-туғын, жоқ-туғын.*

Қысқарған сөзге қосымшалар дефис арқылы жалғанады: *ААҚ-ның, ҚазУПҰ-ға, UNESCO-ға* (Қысқарған сөздердің емлесіне қараңыз) [3].

Қос сөздердің жазылуын меңгертуге арналған тапсырмалар.

Дефиспен жазылатын сөздерді меңгертуде «Сәйкестендіру тесітін» қолдануға болады. Мұнда 2 бағанаға бөлінген сөздерді сәйкестендіреді.

<i>kóre</i>	<i>Kónshek</i>
<i>úlken</i>	<i>жyғы</i>
<i>ата</i>	<i>kóre</i>
<i>yғы</i>	<i>ана</i>
<i>kóilek</i>	<i>kishi</i>

1-тапсырма. Sólemderge tuisti tynys belgisin qoiyp kóshirińizder

Konstitýciua barlyq zańdardyń normativti aktilderdiń kózi. Konstitýciualyq zańdar memlekettik bilik organdarynyń jumysyn adamdardyń quqyғыn sailaydy referendýmdy qogamdyq qatynastardy baqylady. Konstitýciuada mynalar adam azamat Prezident Úkimet sottary sottar týraly aıylady. Prezident Jarlyqtar qabyldaıdy. Olar zań kúshi bar jáne jai bolyp bólinedi. Sottyń maqsaty azamattardyń quqyqtaryn qorǵay. Memlekettik bilik úsh býynǵa bólinedi zań shyǵaryshy atqaryshy jáne sot. Eger zań Konstitýciuaǵa sai kelmese qaita qaray úshin kerі qaitarylady.

2-тапсырма. Defispen jáne defissiz jazylatyn sózderdiń emlesine sai «semantikalyq karta» boyınsha sólem qura

Semantikalyq karta		
Tildik baǵdar: qosymshalardyń jalǵanýy	mysaldar	sólem
Араб цифрымен берілген санға қосымша дефис арқылы жалғанады және	<i>6-ға, 100-ge deiin 2-aqpan, 136-bar</i>	

түсірілген <i>-ynshy</i> (<i>-inshi</i>), <i>-nshy</i> (<i>-nshi</i>) қосымшасының орнына дефис қойылады		
ал рим цифрымен берілсе, дефис қойылмайды		
Цифрға тіркелетін % (пайыз), °C (Цельсий) таңбаларынан кейін жалғанатын қосымшалар дефис арқылы жазылады:	<i>50%-ға, 10°C-den tómen.</i>	
Күшейткіш буынмен келетін сөздер дефиспен жазылады. Бірақ <i>аррақ, kókréńbek</i> болып жазылады.	<i>ap-anuq, qur-qyzyl, sap-sary, jap-jaqsy, súp-súkimdi, quba- qur.</i>	
Қысқарған сөзге қосымшалар дефис арқылы жалғанады	<i>AAQ-nyń, QazUPÝ-ға, UNESCO-ға</i>	
<i>-aq, -ai, -aý, -dy, -di, -mys, -mis, -tin, -tuǵyn</i> шылаулары өздерінен бұрынғы сөздерден дефис (-) арқылы бөлініп жазылады	<i>sen-aq, shamaly-aq, kelmeidi-aý, ádemisin-ai, aitqan-dy</i>	

Бас әріптердің емлесі

Әрбір жаңа сөйлем бас әріппен жазылады: *Qonaqúide, dóńgelek ústel ústinde qyzǵylt, kúńgirt sáylesi bar tas sham janyp tur. Qyryn otyrǵan ákesiniń úlken kesek pishini Abaıǵa jartylai ǵana kórinedi* (M.Áýezov).

Өлеңнің әрбір жолы бас әріптен басталады:

Paida oilama, ar oila,

Talap qyl artyq bilýge.

Artyq bilim kitapta,

Erinbei oqyp kórýge (Abaı) [3].

Мекеме атауларының жазылу емлесін меңгертуге арналған тапсырма.

1-тапсырма. «*Kim qansha jazady?*» *Mekeme ataýlaryna qatysty sózderdi 5 minýtta jazuyz*

Жалқы есімдердің емлесі

Кісінің аты, әкесінің аты, тегі бас әріппен жазылады: *Dýlat Saǵynuly Berdaly, Qyrmyzy Nábiqyzy Seidimbek*.

Екі сөзден құралған кісі есімдері бірге жазылады: *Tóremurat, Aisáyle, Saqypjamal, Ábilqasym, Qasymjomart, Batyrhan, Tursynzada, Nurgalı, Aıǵúl, Aqbala, Aqylbek, Jaqsybai, Shárbany, Toqqoja, Nurbike, Nuratym, Nurdilda, Bibihanym, Asyljan, Ahmetqazy* [3].

Кісі есімдері сыңарларының жігіндегі дыбыстар ауызша айтылуына сай жазылады: *Aıǵyz, Baigeldi, Esengul, Qaragóz, Kenjáli, Bibajar, Qojahmet*.

Тарихи тұлға есімдеріндегі ататекті айқындайтын сөзалды, сөзортасы нақтылаушы артикльдер есім сыңарларының ортасында, сөйлем басында, есім сыңарының алдыңғысы түсірілгенде, бас әріппен жазылады: *Ábynasyr ál-Farabi, Áz-Zahir Rýkn ád-Din Beibarys, Leonardo da Vinchi, Janna d'Ark, Fon der Gols, Lýdvig van Bethoven; Ál-Farabidiń murasy barlyq túrkihalyqtaryna ortaq. Barshatúrkihalyqtaryúshin Ál-Farabidiń murasy qundy*.

Ертегі, миф кейіпкерлерінің аттары бас әріппен және бірге жазылады: *Jelaiyaq, Qambarata, Oısylyqara, Zeńgibaba, Shekshekata, Shopanata*.

Құрамында *bi, jyraý, ata, ana, batyr, abyz, aqyn, bahadúr, han, seri, sal, datqa, sultan, qajy, sulý, begim, hanym, datqa, abyz, myrza* сөздері бар ұлттық-мәдени қоғамдастыққа танымал кісі есімдерінің алдыңғы сыңары бас әріппен, екінші сыңары кіші әріппен бөлек жазылады: *Mónke bi, Buqar jyraý, Qorqyt ata, Domalaq ana, Jalańtós batyr, Baiserke abyz, Dýlat aqyn, Ábilǵazy bahadúr, Abylai han, Aqan seri, Birjan sal, Baızaq datqa, Baraq sultan, Qunanbai qajy, Baıan sulý, Aısheker hanym, Rabia begim*.

Дәстүрлі мәдениетте ерекше орын алған кісі есімдерінің алдында қолданылатын тұрақты эпитеттер бас әріппен жазылады: *Úkili Ybyrai, Qyz Jibek, Jaqatym shekti Jetes bi, Qazdayysty Qazybek bi, Er Tarǵyn, Qaraqypshaq Qobylandy, Jaiay Musa, Er Tóstik*.

Жануарлар мен құстарға қойылған күрделі атаулар бас әріппен және бірге жазылады: *Aitóbel, Qoıankók, Qulager, Bóribasar, Aqtós, Qaratorǵai* [2].

1-тапсырма. «Bes saýsaq» tásilı arqyly suraqtarǵa jaýap jazýndar

Bas barmaq – basty másele. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Balaly úirek – birlesý. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?

Ortan terek – oilaný. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Shyldyr shúmek – shynaiylyq. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Kishkentai bóbek – kónil kúı ahýaly. Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?

Жер бедері, аспан денелері атауларының емлесі

Географиялық және астрономиялық атаулар бас әріппен жазылады: *Alataý, Jetisý, Ertis, Jatyq; Kún, Ai, Jer, Sholpan, Jetiqaraqshy, Súmbile, Úrker*.

Muzdyq, muhit, asý, aral, qum т.б. сөздермен келетін жер-су және астрономиялық атаулардың бастапқы сыңары бас әріппен жазылады: *Qara teńiz, Tynyq muhity, Kúngeı asýy, Barsakelmes araly, Borsyqqumy*.

Тұрақты анықтауыш арқылы қалыптасқан күрделі жер- су атауларының екі сыңары да бас әріппен және бөлек жазылады: *Kishi Azia, Ortalyq Qazaqstan, Batys Qazaqstan, Qыр Shygys, Tayly Altai*.

Күрделі жер-су атаулары бас әріппен, түбір тұлғасы сақталып, біріктіріліп жазылады: *Araltóbe, Úsharal, Kókshetaý, Betpaqdala, Jarkent, Marqakól, Saryarqa, Saryağash, Jańaarqa*.

Қосарланған жер-су атауының екі сыңары да бас әріппен, дефис арқылы жазылады: *Aqsý-Jabağyly qoryğy, Úitas-Aidosjerastysýy, Sairam-ÓgemulTTYq parki, Balqash-AlakóloTysy* [3].

Бас әріптің емлесін меңгертуде арналған тапсырмалар түрлері

1-тапсырма. «Abaı» sózine bes joldy taldaý jasańyz

1. Zat esim. Kim? Abaı
2. Syn esim. Qandaı? Uly, dana
3. Etistik. Ne isteıdi? Qurmetteıdi, qadirleıdi
4. Sinonım. aqyn, oıshyl, dara
5. Сөйлем ...

2-тапсырма. Sabaqтан alğan áserińmen jáne málimettermen bólis

«P» – bilemin	«+» – bilmeimin	«-» – men úshin jańa aqparat	«?» – meni tańgaldyrdy

3-тапсырма. Mátindegi bas áriptermen jazylatyn sózderdi terip jazyńyz

Talğat Amangeldiuly Musabaev 1951 jyly 7 qańtarda Almaty oblysy Jambyl aýdanynda dúmege kelgen. Ol Rıga azamattyq aviacionajenerleri institútyн jáne Aqtóbe joğary ushqyshtar ýchılıshshesin bitirgen. Qazaqstan Respýblikasynyń jáne Resei Federacıasynyń ushqysh-ğaryshkeri, Qazaqstan Respýblikasynyń Halyq qaharmany jáne Resei Federacıasynyń Batyry, aviaciona general-leitenanty, gimnastikadan jáne ushaq sportynan KSRO sport sheberi, KSRO chempiony, tehnika ғылымдарының докторы, «Ekologıa» Qazaqstan halyq akademiasynyń akademigi. Resei Federacıasynyń, Amerika Qurama Shtattarynyń, Qazaqstan Respýblikasy oblystarynyń, qalalarynyń, aýdandarynyń Qurmetti azamaty.

(Баспасөз материалдарынан)

«Стикерді диалог» әдісін жер бедері, аспан денелері атауларының емлесін дұрыс жазуда қолдануға болады. Қабырғаға немесе тақтаға пікірлер немесе сұрақтар жазылған бірнеше түрлі-түсті қағаз ілінеді, болмаса оларды үстелдің үстіне қоюға болады. Оқушылар оларды оқып, стикерлерге өз ойларын жазып қалдырады.

Екінші жолы: 3/4/5 адамнан тұратын топтар стикердегі сұрақтарға жауап береді немесе ол жөніндегі өз ойларымен бөлісіп, талқылап, стикерге өз ойларын жазады, кейін пікірлерін қорғайды. Оқушылар стикерлерде өз пікірлерін/эмоцияларын білдіре алады.



Күрделі атаулардың емлесі

Мемлекет және ең жоғарғы мемлекеттік басқару органдары мен лауазым атаулары бас әріппен жазылады: *Qazaqstan Respýblıkasy, Qazaqstan Respýblıkasynyń Prezidenti, Qazaqstan Respýblıkasynyń Premier-ministri, Qazaqstan Respýblıkasy Parlamenti Májilisiniń Tóraǵasy, Qazaqstan Respýblıkasynyń Ukimeti.*

Бірақ мемлекеттік лауазым атауларындағы *hatshy, ministr, depýtat, ákim, orynbasar, basshy, tóraǵa* сөздері кіші әріппен жазылады: *Qazaqstan Respýblıkasy Memlekettik hatshysy, Qazaqstan Respýblıkasy Qarjy ministri, Qazaqstan Respýblıkasy Parlamentiniń depýtaty, Túrkiстан oblysynyń ákimi, Qazaqstan Respýblıkasy Prezidenti ákimshiligi basshysynyń orynbasary, Ádistemelik bólim basshysy, Til komitetiniń tóraǵasy.*

Мемлекеттік әкімшілік-басқару органдары (министрлік, комитет, департамент, т.б.), заңнамалық құжаттар күрделі атауларының бірінші сөзі бас әріппен жазылады: *Qarjy ministrligi, Qazaqstan Respýblıkasy Qarjy ministrligi, Qazaqstan Respýblıkasy Ishki ister ministrligi, Qazaqstan Respýblıkasy Qarjy ministrliginiń Memlekettik múlik jáne jekeshelendirý jónindegi komiteti, Qazaqstan Respýblıkasy Aqqarat jáne komýnikasialar ministrliginiń Aqqarattandyryú departamenti, Eńbek kodeksi, Qazaqstan Respýblıkasynyń Eńbek kodeksi.*

Оқу орны, ғылыми мекеме, қоғамдық ұйым, өнер орталықтарының және олардың құрылымдық бөлімшелерінің атаулары бас әріппен жазылады: *Ál-Farabı atyndaǵy Qazaq ulttyq ýniversiteti, Sh.Ýalıhanov atyndaǵy Tarih jáne etnologia institúty, Qazaqstan Sýretshiler odaǵy, Abai atyndaǵy Opera jáne baletteatry, Qazaq ulttyq ýniversitetiniń Tarih fakýlteti, Shyǵystany fakýltetiniń Shyǵys filologiasy kafedrasy; Til bilimi institútynyń Til mádenieti bólimi, Jazyshylar odaǵy Kórkem ádebiet bólimi, Til bilimi institútynyń Gylymikeńesi.*

Ғимарат, ескерткіш, көркем әдебиет, музыка, сәулет, өнер туындылары атауларының алғашқы сөзі бас әріппен жазылады: *Beibitshilik pen kelisim sarayı, Qazmedia ortalyǵy, Táýelsizdik sarayı, Áziret Sultan meshiti, «Abai joly» roman-epopeiasy, I.Esenberlinniń «Kóshpendiler» trilogiasy, «Alasapyran» romany, «Sardar» poemasy, «Aıqyn» gazetі, «Aıqap» jýrnaly, «Qazdar qaitqanda» áni.*

Маңызды тарихи оқиғалардың, мереке атауларының бірінші сөзі бас әріппен жазылады: *Aqtaban shubyryndy, Alqakól sulama, Jeltoqsan kóterilisi, Qurban ait, Naýryz meiramy, Qazaqstan halqynyń birligi merekesi, Bilim kúni.*





Мемлекеттік наградалар, атақтар бас әріппен жазылады: *Qazaqstan Respublikasy Memleketтік sylyǵynyń laýreaty*, «*Halyq qaharmany*» *ataǵy*, «*Altyn qyran*» *ordeni*, «*Eren eńbegi úshin*» *medali*, «*Altyn alqa*» *tósbelgisi* [3].



Бас әріптің латын графикасында жазылуын есте сақтатуға арналған тапсырмалар

1-тапсырма. «Qai top alǵyr?» ойыну. Topqa bólinip bas áripterdіń emlesine sai sózderdi eske túsirip, kesteni tolytr

Mekeme ataýlary	Laýazymdy qyzmet ataýlary	Uıymdar men odaqtar ataýlary

2-тапсырма. Aqyldyń alty qalpaǵy (De Bono) ádisin kúrdeli ataýlardyń emlesin meńgertkende qoldanýǵa bolady. Алты қалпақтың әрқайсысы ойлаудың түрлі элементтерін, аспектілерін білдіреді. осы қалпақтың түсіне сәйкес келетін шекте жүргізу сұралады. Бұл әдістің көздегені: осылайша мәселенің немесе ойдың барлық аспектілерін қамтитын карта жасау. Сынып топтарға бөлініп, бір топқа бір түсті қалпақ беріледі.

	Ақ қалпақ: Мемлекет және ең жоғарғы мемлекеттік басқару органдары мен лауазым атаулары бас әріппен жазылады. <i>Qazaqstan Respublikasy, Qazaqstan Respublikasynyń Prezidenti, Qazaqstan Respublikasynyń Premer-ministri, Qazaqstan Respublikasy Parlamenti Májilisiniń Tóraǵasy, Qazaqstan Respublikasynyń Úkimeti.</i>
	Қызыл қалпақ: Мемлекеттік әкімшілік-басқару органдары (министрлік, комитет, департамент, т.б.), заңнамалық құжаттар күрделі атауларының бірінші сөзі бас әріппен жазылады: <i>Qarjy ministrligi, Qazaqstan Respublikasy Qarjy ministrligi, Qazaqstan Respublikasy Ishki ister ministrligi, Qazaqstan Respublikasy Qarjy ministrliginiń Memleketтік múlik jáne jekeshelendirý jónindegi komiteti, Qazaqstan Respublikasy Aqparat jáne komýnikasialar ministrliginiń Aqparattandyryú departamenti, Eńbek kodeksi, Qazaqstan Respublikasynyń Eńbekkodeksi.</i>
	Қара қалпақ: Бірақ мемлекеттік лауазым атауларындағы <i>hatshy, ministr, depýtat, ákim, orynbasar, basshy, tóraǵa sózderi kiııi</i> әріппен жазылады: <i>Qazaqstan Respublikasy Memleketтік hatshysy, Qazaqstan Respublikasy Qarjy ministri, Qazaqstan Respublikasy Parlamentiniń depýtaty, Túrkiстан oblysynyń ákimi, Qazaqstan Respublikasy Prezidenti ákimshiligi basshysynyń orynbasary, Ádistemelik bólim basshysy, Til komitetiniń tóraǵasy.</i>
	Сары қалпақ: Оқу орны, ғылыми мекеме, қоғамдық ұйым, өнер орталықтарының және олардың құрылымдық бөлімшелерінің атаулары бас әріппен жазылады: <i>Ál-Farabi</i>

	<p><i>atyndaғы Qazaq ulttyq ýniversiteti, Sh.Ýalıhanov atyndaғы Tarih jáne etnologia institúty, Qazaqstan Sýretshiler odaғы, Abai atyndaғы Opera jáne baletteatry, Qazaq ulttyq ýniversitetiniń Tarih fakýlteti, Shyǵystaný fakýltetiniń Shyǵys filologiasy kafedrasy; Til bilimi institútynyń Til mádenieti bólimi, Jazyshylar odaғы Kórkem ádebiet bólimi, Til bilimi institútynyń Gylymikeńesi.</i></p>
	<p>Жасыл қалпақ: Ғимарат, ескерткіш, көркем әдебиет, музыка, сәулет, өнер туындылары атауларының алғашқы сөзі бас әріппен жазылады: <i>Beibitshilik pen kelisim sarayı, Qazmedia ortalyǵy, Táýelsizdik sarayı, Áziret Sultan meshiti, «Abai joly» roman-epopeiasy, I.Esenberlinniń «Kóshpendiler» trilogiasy, «Alasapyran» romany, «Sardar» poemasy, «Aıqyn»gazeti, «Aıqap» jýrnaly, «Qazdar qaitqanda» áni.</i></p>
	<p>Көк қалпақ: Маңызды тарихи оқиғалардың, мереке атауларының бірінші сөзі бас әріппен жазылады: <i>Aqtaban shubyryndy, Alqakól sulama, Jeltoqsan kóterilisi, Qurban ait, Naýryz meiramy, Qazaqstan halqynyń birligi merekesi, Bilim kúni.</i></p>

Қысқарған сөздердің емлесі

Басқы әріптерінен қысқарған күрделі атаулар бас әріппен жазылады: *EQYU* (Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық иуымы); *AQ* (Аксционерлік қоғам); *AAQ* (Ашық акционерлік қоғам); *JShS* (Жаяпкершілігі шектеулі сериктестік); *DDSU* (Дүниежүзілік денсаулық сақтау иуымы). Қосымшалар қысқарған сөздің айтылу заңдылықтарына сәйкес дефис арқылы жазылады: *EQYU-ға; EO-ға; JShS-nyń; AQ-nyń; DDSU-ға; TMD-ға, AQSh-qa, JShS-ға, MKK-ge.*

Ағылшын тіліндегі атауы бойынша қысқарған әлемдік мәртебесі жоғары халықаралық ұйым атаулары түпнұсқа тіліндегідей жазылады: *UNESCO, USAID, NATO, KAF.* Қосымшалар қысқарған сөздің айтылуына қарай, дефис арқылы жалғанады: *UNESCO-nyń, -ға; USAID-tyń, -qa; NATO-nyń, -ға; KAF-tyń, -qa.*

Күрделі атаулардың құрамындағы сөздерден жасалған аралас қысқарған сөздер төмендегіше жазылады: *QazUÝ* (Qazaq ulttyq ýniversiteti); *Euroodaq* (Еуропалық одақ). Қосымшалар соңғы буынға үндесіп жалғанады: *QazUÝ-dyń, -ға; Euroodaqtyń, -qa*[3].

1-тапсырма. «POPS» formýlasyn goldanyp, mátindegi aqparattar boıynsha latyn grafikasyn meńgerýge qatysty óz pikirlerińdi dáleldender

Бірінші sóлем. «Meniń ойымша,...»

Екінші sóлем. «Себеби, мен ony ... dep túсindiremin»

Үшінші sóлем. «Ony men ... degen fakti lermen, mysaldarmen dáleldei alamyn»

Soňgy sólem. «Osyǵan baılanysty men ... degen sheshimge keldim»

Кейбір кирилл әріптері мен шеттілдік сөздердің емлесі

Ё әрпі **ó** әрпімен таңбаланады: *manóvr, brýselóz*), *aktór, amóba, dırıjór, rejısór*.

ц әрпі және **сц** әріп тіркесі **s** әрпі арқылы жазылады: *sırk, sıfr, sılindr, sırkýl; desimetr, medısına, proporsional, abzas, kvars, konstitýsia, korporasia, seh; senarı, sıofıt, abses, absisa, plebisıt*.

Ескерту. Қатар келген **ц** әрпі **ts** тіркесі арқылы таңбаланады: *pıtса, Nıtса*.

-тч дыбыстар тіркесімен аяқталатын сөздердегі **т** әрпі түсіріліп жазылады: *skoch, skech, mach*.

шц әрпі төл сөздерде **shsh** әріп тіркесімен, ал шеттілдік сөздерде **sh** әрпімен таңбаланады: *ashshy, tushshy, keshshe; ýchılıshe, praporshık*.

э әрпі **e** әрпімен жазылады: *element, elevator, epepeia, poetıka, koefısent*.

Ескерту. - **оэ** әріп тіркесімен аяқталатын сөзде **э** әрпінің орнына **ı** жазылады: *aloı, kanoı*.

ю әрпі төл сөздерде, сонымен бірге шеттілдік сөздерде сөз басында және дауысты дыбыстан кейін **ıy** әріп тіркесімен: *ayı, oıy; İyıpıter, İyımala; kayıta*, ал дауыссыз дыбыстан, айыру белгісі (**ь**) мен жіңішкелік белгісінен (**ь**) кейін **ı** әрпімен таңбаланады: *parashıt, absalıt, glúkoza, debıt, prodúser, lúks, salıt, valíta, búdjed, búrokratıa, sújjet, búleten; fúchers, kompúter, tútor, konúktýra, konúktivıt*. Қосымша соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады.

Е с к е р т у. **ı** (**ı**) әрпінен кейін тұрған **ю** орнына **y** жазылады: *qıy, kıy, dıy*.

я әрпі төл сөздерде, сонымен бірге шеттілдік сөздерде сөз басында, дауысты дыбыстан кейін, айыру белгісі (**ь**) мен жіңішкелік белгісінен (**ь**) кейін **ıa** әріп тіркесі арқылы: *ıaǵnı, qoıan; İalta; soıa, ideıa; gıperıadro, sıbyıadro; alıans, konıak*, ал дауыссыз дыбыстан кейін **ı** арқылы таңбаланады: *akýmýlá tor, mýláj, zará d, kalkýlá tor*. Қосымша соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады.

Е с к е р т у. **ı** (**ı**) әрпінен кейін тұрған **я**-ның орнына **a** жазылады: *qıar, sıa, Túrkıa, jarıa*.

Кейбір кирилл әріптері мен шеттілдік сөздердің емлесін меңгертуде «Жылжымалы мәтін» әдісін қолдануға болады.

1. Әр топқа А4 форматындағы қағаз және қалам беріледі.

2. Мұғалім оқушыларды топқа бөліп, интерактивті тақтаға теріс қаратып отырғызады.

3. Интерактивті тақтада кирилл әріптері мен шеттілдік сөздері бар мәтін латын графикасында жазылып тұрады.

4. Әр топтан бір оқушы тақтада жазылып тұрған мәтінді уақытпен оқып, топқа айтуы және топта отырғандар жылдам жазып отырулары керек (уақытты мұғалім шапалақпен есептеп отырады, 20-30 секунд). Тапсырма санын көбейтуге болады.

Қазақ тіліндегі үндестік заңын меңгертуде «Екі шеңбер» әдісін пайдалануға болады. Бұнда сынып оқушылары екі шеңберге бөлінеді. Құрған жоспарларын топта оқиды. Бірінші топ ішкі шеңберге орналасады. Ал сыртқы шеңбердегілер музыка әуенімен шеңберді айналады. Музыка тоқтатқан кезде сырт шеңбердегілер өз тұсына отырады. Ішкі шеңбердегілерді сырт шеңберге шығарып орын ауыстырады.

Бұл ретте «*бАсҚАТырҒыш*» әдісі бойынша «қайталанатын жұпсыз дауыссыз әріптерді сызып таста, сонда сен жолдың арнайы жаяу жүргіншілерге арналған жері туралы білетін боласың» деген тапсырма ұсынуға болады.

Кейбір кирилл әріптері мен шеттілдік сөздердің емлесін меңгерткенде төмендегі әдісті қолдануға болады.

1-тапсырма. «*Oljaly bestik*» ойны арқылы 5 сөз дайындап, олардың артына сұрақ жазыру және бір сөздің артына тек қана «5» бағасын қою керек.

Үлгі:

«Мықты болсаң, тауып көр» - сөз ортасындағы *сс, мм, лл, тт, фф, нн, бб, рр, гг, дд, кк, уу* дыбыстары қалай жазылады?

«Жүйрік болсаң, шауып көр» - *ц* әрпі және *сц* әріп тіркесі қалай жазылады? *sirk, sifr*

«Алғыр болсаң, алып көр» - *тч* дыбыстар тіркесімен аяқталатын сөздерде қандай өзгеріс бар? *skoch, skech, mach*

«Тапқыр болсаң, тауып көр» - *щ* әрпі төл сөздерде және шеттілдік сөздерде қалай жазылады?

«Ойлы болсаң, озып көр» - *э* әрпінің *е* әрпімен жазылу өзгерісіне мысал келтір.

«Зерек болсаң, айтып көр» - *ё* әрпі *қай* әріппен таңбалаанады? *manóvr, brýselóz), aktór*

2-тапсырма. Latyn grafikasyna negizdelgen «Еń, еń, еń...» ойны арқылы жазындар

Сөздердің тасымалдануы

Сөз буын жігіне сәйкес тасымалданады: *oqý-shylar, oqýshy-lar; bel-sendi, belsen-di; bei-bitshilik, beibit-shilik, beibitshi-lik, qı-yn, bý-yn.*

I мен *ý* дауыссыздары екі дауысты дыбыстың аралығында келгенде, *da-ýys (daý-ys емес), sa-ýat (saý-at емес), da-ıyndyq (dai-yndyq емес), qu-ıyn (qui-yn емес)* түрінде тасымалданады.

Сөз ішінде үш дауыссыз дыбыс қатар келгенде сөздің түбірі сақталып тасымалданады: *kúńgirt-teý (kúńgir-tteý емес), jańgyrt-ty (jańgy-rtty емес).*

Біріккен және кіріккен сөздер буын жігімен тасымалданады: *de-malys, dema-lys (dem-alyс емес); kógorai, kógo-raı (kóg-orai емес).*

Бір буынды сөздер тасымалданбайды: *ai, kún, vólt, kvars, pýnkt.*

Сөздің жеке әрпі сол жолда қалдырылады, келесі жолға тасымалданбайды: *ara (a-ra, ar-a емес), aıaq (a-ıaq емес), alaqaп (a-laqaп емес).*

Бас әріптен қысқарған сөздерді тасымалдауға болмайды.

Кісі есімінің қысқартылған әрпі мен кісінің тегі тасымалданбайды: *A.Batursynuly, B.Momyshuly, G.Mustafin, A.Kekilbai.*

Цифрлармен келген қысқарған өлшем бірлік атаулары және шартты таңбалар тасымалданбайды: *25 ga (25-ga емес), 50 sm (50-sm емес), 50% (50-% емес)* [3].

Сөздерді тасымалдауға арналған тапсырма.

1-тапсырма. «Шын және жалған» әдісі бойынша сөздердің дұрыс тасымалдануын көрсетіңіз.

Сөздердің тасымалдануы	Ш	Ж
Сөз буын жігіне сәйкес тасымалданады		
Бір буынды сөздер тасымалданады		
Сөздің жеке әрпі сол жолда қалдырылады, келесі жолға тасымалданбайды		
<i>Бас әріптен қысқарған сөздерді тасымалдауға болады</i>		
Кісі есімінің қысқартылған әрпі мен кісінің тегі тасымалданады		
Цифрлармен келген қысқарған өлшем бірлік атаулары және шартты таңбалар тасымалданады		
Біріккен және кіріккен сөздер буын жігімен тасымалданады		
Сөз ішінде үш дауыссыз дыбыс қатар келгенде сөздің түбірі сақталып тасымалданады		
<i>I</i> мен <i>у</i> дауыссыздары екі дауысты дыбыстың аралығында келгенде, <i>da-úys (daú-ys емес), sa-úat (saú-at емес), da-ıyndyq (daı-yndyq емес), qu-ıyn (quı-yn емес)</i> түрінде тасымалданады		

Қорытынды

Елбасы «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» атты мақаласында қазақ тілінің латын әліпбиіне кезең-кезеңімен көшуін бастама етіп көтерді. Бұл ретте, латын әліпбиіне көшудің негізінде, бір жағынан, терең тарихи логика, ал екінші жағынан, Қазақстан дамуының қазіргі кезеңінің ерекшелігі, қазіргі ХХІ ғасырдағы ғылым-білім беру процесі үшін маңызы зор әлемдегі технологиялық орта және коммуникация ерекшеліктері жатыр.

Не үшін латын қарпі таңдалды? Мәселенің басты себебі – әлемнің жаһандану процесіне ұмтылуында. Латын қарпі қазіргі кезде жаһанданудың графикасына айналды, жаңа технологиямен, компьютермен, сапалық жетістіктермен байланыстырылады. Латын қарпіне көшу уақыт талабынан қалмау үшін, әлемдік кеңістікке табысты интеграциялану үшін, тек интеграцияланып қана қоймай, өзінің кескін-келбетін сақтап қалу үшін маңызды болып отыр.

Кирилл қарпін, керісінше, әлемнің көп елі біле бермейді. Ресей, Украина, Белоруссия, Қазақстан, Қырғызстан, Болгария, Сербия және Македония сияқты елдерді қоспағанда, оны тіпті ешкім қолданбайды десе де болады. Кейбір славян мемлекеттері, мысалы, Польша, Чехия кирилл қарпін емес, латын қарпін қолданады және бұрынғы кеңестік елдер, мысалы, түркітілдес мемлекеттерді айтпағанда, Молдова бірден латын қарпіне көшіп, жалпыәлемдік ақпараттық кеңістікке еніп отыр.

Әлемнің көптеген бөлігі латын графикасын қолданады. Халықаралық белгілердің, ғылымның негізі латын графикасында жазылған. Сонымен қатар, латын графикасы – халықаралық саяси, жоғары технологиялардың тілі. Қазақстан жастарының шет тілдерін меңгеруге деген ұмтылысы, қоғамды компьютерлендіру, интернетті пайдалану, шығыс мәдениетінің теледидар, кино арқылы ықпал етуі, еуропалық сапаға ұмтылу – осының барлығы біздің қоғамды латын қарпіне көшуге біртіндеп тартып келеді.

Латын графикасына көшудің таза лингвистикалық сипаттағы бірқатар себептері де бар. Латын қарпіне көшу қазақ тілін дамытуға жаңа серпін береді. Өйткені, бұл процесс тілдің грамматикалық, әсіресе фонетикалық жүйесін үйлестіруге жәрдемдеседі. Ғалымдар латын графикасы қолдануға өте қолайлы әрі қазақ тілінің фонетикалық жүйесін дәл береді деген пікірде.

Әдістемелік ұсынымдаманың «Орта білім жүйесін латын графикасына көшірудің ғылыми-әдістемелік негіздері» деп аталатын тарауында әліпбиді қолданудың отандық тарихи және шетелдік тәжірибелері, ғылыми-әдістемелік негіздері берілген.

«Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі емлесін оқытудың ерекшеліктері» деген тарауында қазақ әліпбиі емлесін оқытудың ерекшеліктері туралы сөз болады.

Ал, «Латын графикасына көшудегі тілдік заңдылықтарды меңгертудің ерекшеліктері» деген үшінші тарауында тілдік заңдылықтарды меңгертудің

ерекшеліктері, сондай-ақ оларды еліміздің білім беру ұйымдарында енгізу бойынша педагогтерге ұсынымдар берілген.

Сонымен, тілдік графика реформасын қазақ тілін жаңғырту тұрғысынан ғана қарастыру керек. Бұл – графикаға ғана қатысты жүргізілетін реформа. Біз қандай да бір өзге тілге көшіп кетпейміз, графиканы ғана жаңғыртамыз. Сондықтан, ел болып, ұлт болып бұл мәселеге прагматикалық тұрғыдан келетін болсақ, онда бұл тіліміздің қызмет етуі мен практикалық қолданысының мәселесін шешу болып табылмақ.

Қолданылған әдебиеттер

1. «Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы»: ұжымдық монография. Жалпы ред. басқарған А. Фазылжанова. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2016.– 560 б.
2. Сыздықова Р. Латын жазуы: емле ережелерін түзуде ескерілетін жайттар // «Қазақ әдебиеті». - 2018. – 14.09, 21.09, 02.10, 10.10.
3. Фазылжанова А., Күдеринова Қ. Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесі ережелерінің жобасы. – Астана. – 2018. – 34 б.
4. Күдеринова Қ. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. – Алматы. – 2013. – 184 б.
5. Лизинский В.М. Приемы и формы учебной деятельности. -М., 2004.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	3
1	Орта білім жүйесін латын графикасына көшірудің ғылыми-әдістемелік негіздері	4
2	Латын графикасына көшудегі тілдік заңдылықтарды меңгертудің ерекшеліктері	21
3	Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі емлесін оқытудың ерекшеліктері	32
	Қорытынды	58
	Қолданылған әдебиеттер	60

**Орта білім жүйесін латын графикасына көшірудің ғылыми-
әдістемелік негіздері
Әдістемелік ұсынымдамалар**

Басуға 11.12.2018 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 3,8

Подписано в печать 11.12.2018 г. Формат 60×84 1/16.
Бумага офсетная. Печать офсетная.
Шрифт Times New
Roman. Усл. п.л. 3,8